



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Қамданған
қапы
қалмайды
2-бет



«Алтын жас»
ұсынған
мүмкіндіктер
3-бет



Қыста да
керемет қой
Қарқаралы!
8-бет



ОНЛАЙН-ПЛАТФОРМА

Бақшаға бармайтын балаға арналған

Балалары балабақшаға бармайтын ата-аналар үшін Қарағанды облысында «SabiDamu» виртуалды алаңы қосылды. Бұл ата-аналарға балаларын пайдалы іске бағыттап, сонымен қатар, ерте дамуға көмектесетін сапалы әдістемелік материалдарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

0-ден 6 жасқа дейінгі балалардың ата-аналарына арналған әдістемелік нұсқаулық – «SabiDamu» балабақшаға бармайтын балаларға арналған. Платформадан әртүрлі білім және тәрбие беру материалдарын, атап айтсақ, ертегілер, ойындар, бейнелер, аудио, оқу сабақтарын, фотосуреттерді де кездестіруге болады.

Сондай-ақ, алаң – балаларды тәрбиелеу мен оқытуда виртуалды көмекші әрі жол нұсқаушы. Онда мамандар баланың дамуын дұрыс қадағалау керектігін кезең-кезеңімен түсіндіреді. Ата-аналар кез келген маманның кеңесіне жүгіне алады. Баланы өмірлік жағдайларда барынша дамытып, әлеуметтендіреді.

«SabiDamu» платформасының негізгі міндеті – ерте даму скринингі. Платформа балабақшаға бармайтын балаларға арналғандықтан, жүйе балалардың белгілі бір жасына сәйкес әртүрлі контент әзірледі. Балабақшаларда жинақталған тәжірибе онлайн форматқа ауысқандықтан, логопед, психологтардың жұмысы көрсетілген. Ата-аналар балаға қатысты өздерін мазалаған сұрақтарға жауап таба алады, – деді «SabiDamu» платформасын әзірлеумен айналысатын «Өрлеу» компаниясының басшысы Фарида Ақшолова.

Мәселен, егер бала жыла-



Коллаж жасаған Ш.Аманжол

са, нашар ұйықтаса немесе серуендеуге қашан бару керектігін білмесе, онда маман виртуалды балабақша көмегімен отбасымен жұмыс істейді, көмек көрсетеді. Бала әрі қарай платформадан дамытушы мультфильмдерді көре алады.

Мамандардың айтуынша, жасы 3-4-тегі балалардың шығармашылық дамуындағы жас ерекшеліктері өзгеріске жылдам ұшырайды.

3-4 жаста бала қалыптасуындағы маңызды сәтті жіберіп алмау және баланың нақты қандай таланты бар екенін түсіну – ата-ананың негізгі міндеті. Бұл жаста шығармашылықтың жоғары шыңы бала күнделікті бір іспен айтарлықтай жүйелі түрде шұғылданғанда пайда болады. Осы сәттен бастап, ата-аналардың назары баланың таланты мен қызығушылығын дамытуға және қолдауға бағытталуы тиіс.

Мысалы, 3-4 жас аралығын-

дағы баланы тік және көлденең сызықтарды салуға, бірнеше жолдан тұратын заттарды салуға үйрету қажет. Әртүрлі формалардағы заттарды, мысалы, көкөністерді, жемістерді, ыдысты бейнелеуі қажет. Балаға сурет салу барысында негізгі түстер – қызыл, сары, көк, қара, жасыл, ақты пайдаланған дұрыс. Осындай ұсыныстар виртуалды платформадан кеңінен айтылады, – дейді облыстық білім басқармасының мамандары.

Жалпы бұған дейін 2 жасан 6 жасқа дейінгі балалар саны 8 мыңнан асатын Қарағандыда жаңа орындарға қажеттілікті жою үшін үлгілік мемлекеттік балабақшалар салу талап етілген. Быыл осы мақсатта Қарағанды облысында 2 жасан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі біліммен қамтуда 1 107 орын ашылды.

– Өңірдің 404 мектепке дейінгі ұйымдарында 35 мыңнан астам бала дамуға. Мектепке дейінгі

орындарды қамтамасыз ету көп жағдайда жеке инвестиция тарту есебінен шешіледі. Жаңа орындардың жалпы санының 72%-ын жеке ұйымдарда аштық, – дейді білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісова.

– Жақсы платформа баланы оқыту үшін қажеттінің барлығы бар. Бұл үйдегі сабақтарды әлдеқайда қызықты етеді, – дейді виртуалды платформаның алғашқы қолданушысы Жансұлу Талғатқызы.

Айта кеткен жөн, өңірдің 404 мектепке дейінгі ұйымдарына 35 мыңнан астам бала барады. INDIGO.kz ақпараттық жүйесі арқылы бүгінгі таңда балабақшаларға 5 мыңнан астам бала қабылданды. Алдағы уақытта облыс бойынша Қарағанды, Шахтинск қаласында, Қарқаралы және Шет аудандарында 505 орындық тоғыз мектепке дейінгі ұйым ашу жоспарлануда.

ОЛИМПИАДА

Білімпаз жастардың бірегей жеңісі

Қарағандылық оқушылар халықаралық Жәуітқов олимпиадасында төрт жүлделі орынға ие болды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Зияткерлік жарысқа әлемнің 15 елінен жоғары сынып оқушылары қатысты. Олар жеңіс жолында оқушылармен бірге оқытушылар кіретін командалар құрамында бақ сынасты. Қазақстан ұлттық құрамасының мүшелері, «№1 Білім-инновация» лицей-интернатының 11 сынып оқушысы Әліби Ақберді мен 10 сынып оқушысы Жанарыс Теңдіков сәйкесінше физикадан II және III орындарды иеленді.

Ал, Н.Нұрмақов атындағы мамандандырылған мектеп-лицейдің 11 сынып оқушысы Әлішер Қазтаев информатикадан екінші орын алса, «Мұрагер» мамандандырылған мектеп-интернатының 11 сынып оқушысы Бейбарыс Жәнісбек математикадан қола жүлдеге ие болды.

– Жәуітқов олимпиадасындағы тапсырмалардың күрделілігі соншалық, арнайы дайындығы жоқ қарапайым оқушы тіпті, шарттарын түсінбеуі мүмкін. Жеке өзін дайындыққа екі жыл жұмсадым. Оның ішінде бір жыл өте көп



Сурет облыс әкімінің сайтынан

дайындалды, – деді Бейбарыс.

Жоғары сынып оқушысының айтуынша, олимпиаданың жүлделі орын алған оқушыға Қазақстанда да, шетелде де жоғары оқу орнына түсу кезінде артықшылық беріледі.

– Мен ақпараттық технология мамандығы

бойынша оқуды жоспарлап отырмын. Өзірге кім болып жұмыс істейтінімді нақты айта алмаймын. Бірақ, менің болашақ кәсіптік математика, информатикамен тығыз байланысты болуы әбден мүмкін, – деп бөлісті Бейбарыс Жәнісбек.

ТАБИҒАТТЫҢ ТОСЫН МІНЕЗІ

Ақтүтек боранның әлегі


Үш күн болды, Арқаның ақтүтек бораны әбігерге салды. Полиция департаменті мен төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері күндіз-түні күшейтілген режимде жұмыс істеді. Ат құлағы көрінбейтін боранда алыс жолға шығып кеткен жолаушылар да болды. «112» жолдаған ескертпені елемеген ел жолда қалды.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ақ түтек боранның аптығы басылмаған соң облыс аумағындағы барлық бағыттағы автожолдар жабылды. 20 қаңтардан бастап, республикалық маңызы бар «Қарағанды-Астана» және «Қарағанды-Балқаш» автожолдарында ағашқы қолданушысы Жансұлу Талғатқызы.

Жолда қалған жолаушыларға жан-жақты көмек көрсетілді. Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері 10 жылыту пунктіне 281 адамды, жол бойындағы 3 кэмпингке 75 адамды орналастырған. Екі күн бойы барлық жолаушыға ыстық тамақ берілді. Еріктілер мен елді мекендегі жұртшылық көмектерін аямады.

Боран қаладағы қозғалысты да қиындатты. Жол қызметіндегілер де күні-түні қызмет атқарды. Әлі



Коллаж жасаған Ш.Аманжол

ету мақсатында патрульдік полиция батальоны мен аумақтық бөлімшелердің жеке құрамы күшейтілген қызмет көрсету режиміне ауысты. 21 қаңтар күні облыс жолдарында мыңнан астам көлік тұрып қалды. Оның ішінде, 527-ісі – жеңіл, 500-і – жүк және 9 қоғамдық көлік бар.

– Жол жабылған күні Теміртау терминалы маңында «Қарағанды-Астана» бағытында шамамен 300 көлік тұрып қалды. Бұған дейін бұл жерде көлік саны бұдан да көп болған еді, көп жүргізушілер жолдың жабық болуына байланысты кері қайтып, қалаға оралды. Патрульдік полиция батальонының қызметкерлері жолдарды тексеріп, жүріп өткен еді. Қар үйіндісі мен құрауы көп екен. Жол жағдайы туралы барлық ақпарат пен бейнематериалдар «ҚазАвтоЖол» мекемесіне жіберілді. Жол қызметі тәулік бойы жолды қардан тазартты. Ұйытқып соққан боран қайта қарға көмді. Кеше күндіз полиция қызметкерлерінің жол бастауымен Астанаға шықты. Басқа бағыттағы жолдарда да осы жағдай, – дейді облыстық полиция департаменті патрульдік полиция батальонының командирі Медет Нұрмұханов.

де жолды, аулалар мен жаяу жүргіншілер жолын қардан тазалап жатыр.

Синоптиктер қарлы боранның соңы аязға ұласады деп болжап отыр.

– Қарағанды мен облыстың басқа қалаларында қарлы боранның соңы аязға ұласады. Қарағанды облысының солтүстігі мен шығысында қалың қар жауып, бұрқасын күтіледі. Облыстың батысында, солтүстігінде және оңтүстігінде солтүстік-батыстан соғатын желдің екпіні секундына 23-28 метрге жетеді. Сонымен қатар, ауа температурасы күрт төмендейді, – дейді мамандар.

Қарағанды облысының төтенше жағдайлар департаментінің мамандары ауа райы қолайсыз кезде тұрғындарды алыс жолға шықпауға шақырады. Әсіресе түк көрінбейтін ақтүтек боран кездерінде жолда қалып қою қаупі жоғары. Құтқару қызметі тәулік бойы күшейтілген режимде жұмыс істеп жатыр. Бірақ, тұрғындар да өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ескерту шараларын қабылдауы тиіс. Ауа райының өзгеруі және автожолдардың жағдайы туралы ақпаратты «112»-ден келетін хат пен ТЖД ресми сайтынан білуге болады.

Қамданған қапы қалмайды

Облыс әкімдігінде өткен арнайы жиында аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев су тасқынына дайындық жұмыстары туралы жауапты ведомство өкілдері және қала, аудан әкімдерінің есебін тыңдады.



Сурет облыс әкімдігіндегі жиын

Жәлел ШАЛҚАР
«Ortalyq Qazaqstan»

Дерекке сүйенсек, Қарағанды облысында су тасқынына дайындық барысында 180-ге жуық іс-шара орындалған. 65 шақырым қорғаныс бөгеті мен білік-

тері тұрғызылып, бекітілген. Ал, 26 шақырым дренаж және су бұру жүйелері тазартылып, 18 шақырымнан астам өзен арналарына санация жүргізіліпті.

Автожолдардың 75 учаскесінде су өткізу қабілеті бар арнайы аймақтар ұлғайтылды. Сонымен

қатар, жанар-жағармай және инертті материалдар, қаптар мен азықтүлік қоры құрылды.

– Бірінші наурыздан бастап, азаматтық қорғаудың аумақтық кіші жүйесінің күштері мен құралдары жоғары әзірлікке келтіріледі. Яғни, Төтенше жағдай-

• MEMORANDUM

Ынтымақтастық ырысты еселейді

Бұқар жырау ауданында кәсіпкерлікті қолдап, дамыту мақсатында аудан әкімдігі мен «Qaragandy Power Siticon» ЖШС арасындағы өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Ержан ИМАШ
«Ortalyq Qazaqstan»

– Бұл келісімнің негізгі мақсаты – ауданның шағын және орта бизнесін қолдау, олардың өнімдерін ілгерілету және іскерлік қарым-қатынасты нығайту, – деп атап өтті Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайын.

Аталған келісім аясында «Санаторий Саялы» ЖШС, «Ақ Нұра» АҚП, «Baiterek ResortKZ» және «Арлан» жеке кәсіпорны өзара тиімді әріптестік орнатты. Меморандумға сәйкес тараптар жоғары сапалы өнімдерді тұрақты жеткізу, кәсіпорындар арасында тәжірибе алмасу және аудан кәсіпкерлерінің

әлеуетін арттыру бағытында жұмыс істейтін болады.

Бұл келісім аудан экономикасына оң әсерін тигізіп, жергілікті тауар өндірушілерге жаңа мүмкіндіктер ашпақ.

Бұқар жырау ауданының әкімдігі осындай стратегиялық әріптестіктің жалғасуына сенім білдіріп, аудан кәсіпкерлерін қолдау бағытындағы шараларды одан әрі қарай да жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

Қол қойылған ынтымақтастық меморандумы аудандағы шағын және орта бизнес өкілдеріне зор мүмкіндік болып отыр. Өйткені, осындай қолдау бар жерде жұмысқа деген ынта-жігердің де арта



түсетіні сөзсіз. Өткен жылы аудан экономикасында оң өзгерістер мен ілгерілеу болғаны елге белгілі. Енді, осы мүмкіндікті пайдаланып, жергілікті кәсіпорындар мен тауар



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

лар министрлігі бөлімшелері, әскери қолбасшылық органдары мен полиция департаментінің жеке құрамынан 4 125 адам хәм 1 754 бірлік техникасы дайын тұрады, – дейді төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Марғұлан Аманбаев.

Қазіргі таңда жағдай тұрақты. Өзендер қысқы режимде, қар деңгейі облыс аумағын 100% қамтиды. Арнасынан аспауы үшін Самарқанд және Ынтымақ су қоймаларынан су жіберілді.

«Қазгидрометтің» мәліметінше, су қоры Нұра өзенінде нормадан асып түседі. Шерубай-Нұра мен Тоқырауында нормаға жақын. Топырақтың қату тереңдігі өткен жылғы көрсеткіштен төмен, бұл – қауіпті төмендетеді.

– Кез келген тәуекелді жайт егжей-тегжейлі пысықталуы тиіс. Біз кез келген жағдайға дайын болуымыз керек. Қолымызда іс-шаралар жоспары бар және су тасқыны орын алса, сол жоспар бойынша облыс тұрғындарының қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі тиіс, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

• БРИФИНГ

Қоршаған ортаға қамқорлық қажет

Әлемдегі халықтың жартысынан астамы қалаларда тұратынын айтады ғалымдар. Демек, азықтүлік, тұрмыстық тауарлар мен табиғи ресурстарды да көбірек пайдаланатындар да осы қалалықтар. Бұл қоршаған ортаның экологиялық ахуалына өз әсерін тигізетіні анық. Оған түрлі өндіріс орындарынан бөлінетін зиянды қалдықтарды қосыңыз. Ең ірі өнеркәсіптік аймақ саналатын Қарағанды да бұл проблемадан ада емес. Мәселен, атмосфералық ауаның газдануы қарағандылықтардың, оның ішінде, теміртаулықтардың бас ауруына айналғалы қашан?! Атап айтсақ, атмосфераға бір жылда Қарағанды – 35,9 мың тонна, Теміртау – 227,6 мың тонна, ал, Балқаш 79,4 мың тонна газ шығарады. Бұл ақпаратпен өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстың экология департаменті басшының міндетін атқарушы Айман Құлатаева бөлісті.

Салтанат ІПІЯШ
«Ortalyq Qazaqstan»

«Қарағанды қаласы бойынша газбен ластану 25 мыңнан астам жер үйі бар жеке сектордың шығарындыларымен байланысты», – дейді Айман Құлатаева. Бірақ, жеке секторды газға қосу бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Қазірдің өзінде газ тарату желілері салынып, жеке сектордың 6 мың үйіне жеткізілсе, 4 мыңнан астам үй газға қосылған.

Ал, Теміртау қаласы бойынша атмосфераның ластануы «Qatmet» АҚ қызметімен байланысты. Кәсіпорын қоршаған ортаға теріс әсерді азайту мақсатында бірқатар іс-шаралар кешенін қабылдағанымен, шығарындылар көлемін едәуір төмендету үшін кәсіпорын толық газға көшуі керек. Бұл шығарындыларды 60 мың тоннаға дейін төмендетуге мүмкіндік береді.

Балқаш қаласында газбен ластанудың негізгі себебі – «Қазакмыс Смэлтинг» ЖШС қызметі.

– Іс-шаралар жоспарына сәйкес, кәсіпорын 2025 жылы шығарындыларды 50%-ға дейін немесе 31 мың тоннаға дейін азайтатын экологиялық әсері бар күкірт қышқылы цехының екінші желісін салуды көздеп отыр. Бұл қаланың экологиялық жағдайын айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді, – дейді Айман Зәруханқызы.

Басқарма басшысының міндетін атқарушы облыста экологиялық жағдайға тікелей әсер ететін тағы да басқа бірқатар басқа проблемалар бар екенін айтты. Атап айтқанда, тазарту құрылыстары мен кәріз желілерінің 80%-ға дейін тозуы. Облыста ағынды суларды ластайтын 10 кәсіпорынның тазарту құрылыстары жанартуды қажет етеді.

– Сондай-ақ, қатты тұрмыстық қалдықтардың заңдастырылмаған полигондарының проблемасы бар. Бүгінде облыста 168 полигон болса, оның 51-і – заңдастырылған. Одан бөлек, «ТЭМК» АҚ аумағындағы «Карибид» БҚ қызметінен қауіпті қалдықтар сақталуын жалғастыруда. Құрамында сынап бар 19 бөшке оларды одан әрі шығару үшін «Жасыл даму» АҚ-ға берілді. Бүгінде «Жасыл даму» АҚ және «KAZECOTECH ФТП» ЖШС мердігерлік ұйымының өкілдері «ТЭМК» АҚ аумағынан одан әрі кәдеге жарату үшін құрамында сынабы бар қауіпті қалдықтарды алып кетті, – деді Айман Құлатаева.

2024 жылы облыстың экология департаменті 87 тексеру жүргізгенін айтады Айман Құлатаева. Нәтижесінде 162 экологиялық заңнаманы бұзу анықталып, ұйғарым берілген. Одан бөлек, 124 007 308 теңгеге 106 әкімшілік айыппұл салынған.

Айман Құлатаева «Қарағанды облысында 12 кәсіпорын Автоматтандырылған бақылау жүйесін орнату талаптарына сәйкес келеді» деген ақпаратпен бөлісті.

– 18 шығарындылар көзіне және 2 төгу көздеріне осындай жүйе орнатылған. 12 кәсіпорынның 10-ы өздерінен шығатын шығарындылар мен төгінділер туралы ақпаратты Қоршаған орта және табиғи ресурстар жүйесінің ұлттық деректер банкіне жібереді, – дейді Айман Зәруханқызы.

Жалпы, облыста 2024 жылы жалпы шығарындылардың көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,2%-ға төмендеп, 474,1 мың тоннаны құраған. Бұл – облыс экологиясы жақсартуға атқарылған нәтижелердің жемісі екенін айту керек.

• БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Көгілдір отын көкжиегі

Быттыр облыс газдандыру саласында рекордтық нәтижелерге қол жеткізді. Бұл жетістік облыс әкімінің қолдауы мен сындарлы стратегиялық көзқарасының арқасында мүмкін болды десек, артық айтпағанымыз. Газбен жабдықтау желілеріне 6 214 үй қосылып, өткен жылдармен салыстырғанда нәтиже 3 еседен астам өсім берген. Тақырып туралы толығырақ өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Қайрат Қамзин, «Qazaqgaz аймақ» АҚ Қарағанды өндірістік филиалының қоғаммен байланыс маманы Манас Баймамыров, Қарағанды облыстық тұрғын үй қорын жанарту орталығының басшысы Данияр Дүйсембаев мәлімдеді.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ
«Ortalyq Qazaqstan»

Осы жылы газдандыру бойынша ауқымды жұмыстар жалғаса түспек. Басым бағыттар қатарында жыл басында бесінші іске қосу кешені тұр (Ескі әуежай аумағы). Жыл соңына дейін төртінші, алтыншы іске қосу кешендерін (қаланың Таугүл және Күнгеі атты бөліктері) газбен жабдықтау межесі де жоқ емес. Шахтинск қаласын газдандыру жобасын дайындау және жүзеге асыру да назардан тыс қалмайды. Биыл аймақтағы маңызды экономикалық нысандарды, соның ішінде, Саран қаласы мен «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағын, сондай-ақ, қала құраушы кәсіпорын «Qatmet» АҚ-ын газдандыру жоспарланып отыр. Бұл зиянды шығарынды үлесін 30%-дан астамға азайтып, өңір экологиясына оң әсерін тигізеді. Сонымен қатар, газдандыру аймақтың инвестициялық тартымдылығын арттырып, экономика-

лық өсімді ынталандырады.

– 2024 жыл өңірді газдандыру саласында табысты жыл болды. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы жылдары да жалғасып, Қарағанды облысының тұрақты дамуына және тұрғындардың өмір сапасын арттыруға зор үлес қосады деп сенеміз. Газдандыру экологияны жақсартуға, экономиканы нығайтуға және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам болып қала бермек, – деп ой тұжырдаты қала әкімінің орынбасары Қайрат Қамзин.

Бағдарлама қаланың әртүрлі аудандарын қамтитын 16 іске қосу кешенін қамтитын 4 кезеңден тұрады. Газдандыру аясында 973 шақырымға жуық газ құбырларын салу жоспарлануда. Бұл 28 600-ден астам абонентті көгілдір отынмен қамтуға мүмкіндік бермек. Бүгінде Қазыбек би ауданында үш іске қосу кешені тәмам. Газ желілері 7 018 жеке тұрғын үйге жеткізілді. Ал, 4 209 үй ісесіне қо-

сылуға техникалық шарттар берілген. Оның ішінде 3 385 үй газбен қамтылды.

Қарапайым тұрғын үйін газ құны қосымша құн салығын қосқанда бір текше метр үшін 40,4 теңгені, ал, жеңілдікті санаттар үшін 31,7 теңгені құрайды. Әлбетте, әлеуметтік қолдау да естен шығармаған ләзім. Қала тұрғындары үшін бес жылға дейінгі мерзімге пайызсыз несие беру тетігі әзірленген. Быттыр Тұрғын үй қорын жаңғырту орталығы 260 үйді осы тәртіппен газдандырып, биыл тағы 250 үйді көгілдір отынға жалғауды жоспарлаған. Әл-әзір оның 153-і газға қосылып үлгерді.

– Мұнда халықтың әлеуметтік осал тобына көмек көрсету мәселесіне ерекше назар аударған маңызды. Осы қатарға жататын азаматтарға тұрғын үйін газдандыруға байланысты біржолғы әлеуметтік көмек қарастырылған. Бұл көмек төмендегі санаттарға жататын азаматтарға көрсетіледі.

Газдандыруға жататын жеке немесе көпқабатты тұрғын үйде тұратындар, олардың иелері немесе отбасы мүшелері. Иелігінде немесе отбасы мүшелерінің иелігінде басқа тұрғын үйі жоқ азаматтар. Отбасындағы жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен (138 684 теңге) аспайтындар. Жалғыз-ілікті зейнеткерлер мен мүгедектігі бар азаматтар үшін біржолғы көмек табыс деңгейіне қарамастан көрсетіледі, – деді Қарағанды облыстық тұрғын үй қорын жанарту орталығының басшысы Данияр Дүйсембаев.

Көмек мөлшері өтініш берушінің газ жабдықтарын орнатуға жұмсаған нақты шығындарына байланысты анықталады. Алайда, ол 100 айлық есептік көрсеткіштен (393 200 теңге) аспауы тиіс. Бұл көмек газ жабдықтарын орнатуға шарт жасасқан күннен бастап бір жыл ішінде беріледі. Мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған мұндай қолдау табиғи газды пайдалану мүмкіндігін кеңейтіп, экологиялық таза энергия көздеріне көшуге жағдай жасайды.

Ендігіде төртінші, бесінші және алтыншы іске қосу кешендерінде жұмыс жалғасуда. Қаланың Федоров, Кирзавод деп аталатын бөліктерінде жоғары және



Коллекция жасаушы А.Рыскулова

орта қысымды құбырлар төселген. Ескі әуежай аумағында 1 915 үй көгілдір отынға қол жеткізсе, 43 көше бойында желілер тартылған. Шаһардың Күнгеі, Таугүл атты бөліктерінде жалпы ұзындығы 1000 метрден асатын жоғары қысымды құбырлар орнатылды. Бұдан басқа, 2025-2026 жылдарға қарай «ЖБИ» және «Пришахтинск» Газдандыру үдерісінің табысты аяқталуы – жергілікті әрбір тұрғын үшін жайлы өмір сүру жағдайын жарқын қыла түспек. Аймақта көгілдір отынның игілігін сезінетін күн алыс емес.

• БАСПАСӨЗ ТУРЫ

«АЛТЫН ЖАС» ҰСЫНҒАН МҮМКІНДІКТЕР

Биылдан бастап «Алтын жас» жобасы қолға алынып, өңірдегі зейнеткерлерді жұмыспен қамтуға баса назар аударылып отыр. Жалпы, бұл жоба халыққа не береді? Жоба жұмыс іздеп жүрген зейнеткерлерге арналған. Осы бағдарламаны жүзеге асыру үшін облыстық бюджеттен қаржы бөлінді. Бір айта кететіні, мұндай жоба бізден бөлек тек Алматыда ғана бар.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұдан былай зейнетке шыққандар осы «Алтын жас» жобасы арқылы жұмысқа тұра алады. Бірақ, мектепке емес, жекеменшік білім беру орталықтарына. Аймақ басшысының қолдауымен өңірдегі 146 білім беру орталығы облыс әкімдігімен осы жоба аясында келісімшартқа отырған. Қазіргі таңда сол орталықтарда 96 зейнеткер келісімшарт аясында жұмыс істеуде. Жоба аясында жұмыс істеп жатқан зейнеткерлер Қаржы министрлігі «2025-2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заң аясында бекітілген ең төменгі жалақы мөлшерін алады. Яғни, 85 мың теңге. Зейнеткер жалақысының 50%-ы жоба аясында субсидияланса, қалған жартысын жеке кәсіпкер қалтасынан төлейді.

Жұмыс берушілер өздері Мансап орталықтарына өтініш береді. Келісімшарт аясында аталған білім беру орталықтарына 641 зейнеткер тарту көзделген. Жоба аясында ерлер – 63 жастан, әйелдер – 61 жастан өтініш бере алады. «Менің денсаулығым жұмысқа жарайды. Жұмыс істеуге қауқарым, ниетім бар» деген зейнеткерлер болса, мархабат! Біздің тарапымыздан қолдау бар. Бір айта кететін дүние, сіз басқа салада қызмет істеп, зейнетке шықтыңыз делік. Бірақ, бізге хабарласңыз, осы жоба аясында сізді күзет қызметіне ала аламыз. Біз хабарласқан әр зейнеткерге жұмыс ұсынамыз. Олар өз қалауы бойынша ұсынылған мамандықпен жұмыс істейді. Жыл соңына дейін осы жоба аясында 500-ге жуық



Дария Нурекина сабақ үстінде

зейнеткерді жұмыспен қамтуды жоспарлап отырмыз, – деді Қарағанды облысы бойынша еңбек мобильділігі орталығының директоры Нұржан Сыздықов.

Аталған жоба аясында жұмысқа тұрған зейнеткердің бірі – Дария Нурекина. Қазіргі уақытта ол Қарағандыдағы Б.Әшімов көшесінде орналасқан «Aisha» ЖІПС тиесілі Нарру kids орталығында мектепке даярлық курсы жүргізеді. Зейнеткер Шет ауданы, Ақжал кентіндегі мектепте 44 жыл бастауыш сынып мұғалімі болған. 2016 жылы зейнет жасына шыққан соң қалаға қоныс аударады. Биыл осы жоба аясында жұмысқа тұрып, уақытын балаларға арнап жүр. Қазір Дария Жаманқұлқызының 10 шәкірті бар. Таңертеңгі 9-дан 12-ге дейін мектепте даярлық курсы өткізе, түстен кейін 7-13 жас аралығындағыларға қосымша сабақ береді.

Зейнетке шыққаннан кейін біраз демалдым. Осы уақытқа дейін жұмыс істеп жүргеннен болар, үйде көп отыра алмадым. Ақжалдан келген соң қаладағы мектептің біріне жұмысқа тұрдым. Қазір, міне, сүйікті ісімнен қайта айналысып жатырмын. Жұмыс орным үйіме жақын. Таңертең жаяу келемін.



Немерелерім сабақта. Үйде өзім ғана қаламын. Сөйтіп жұмыс іздеп едім, әлеуметтік желіден «Алтын жас» жобасы туралы білдім. Толық ақпарат алып, өтініш қалдырдым. Қазір, міне, сүйікті ісімнен қайта айналысып жатырмын. Жұмыс орным үйіме жақын. Таңертең жаяу келемін.

Осындай жобаны қолға алып, қолдап отырған өңір басшылығына алғысымды айтамын, – деді Дария Нурекина.

Нарру kids орталығында үш үлкен бөлме бар. Бірінші бөлме бастауыш сынып оқушыларының білім алуына арналған. Екінші бөлмеде мектепке даярлық, яғни,



Зейнеткер ұстаз Ләззат Асылбекова

бестен жеті жасқа дейінгі балалар дәріс алады. Бұл курс тек түстен кейінгі уақытта өтеді екен. Әрі мұнда баланың қол моторикасын, ойлау қабілетін дамытуға арналған түрлі ойыншықтар қой-

ылған. Сабақ арасында бір мезгіл осы бөлмеге кіріп, ой сергітіп алады екен. Ал, үшінші бөлме – орыс тілді сыныптарының оқушыларына арналған.

Бүгінде балалар бес жаста балабақшаны бітіреді. Ал, ата-ана баласын мектепке ерте бергісі келмейді. Жеті жасқа дейін бала үйде

отырып қалады. Осындай мәселе бойынша көп ата-ана шағым білдірген соң осы курсты іске қосқан едік. Сонымен қатар, бастауыш сыныптарының оқушылары үшін «Ұзартылған күн тобы» бағдарламасы бар. Ол дегеніміз, оқушыға мектеп ұстаздары үй тапсырмасын береді. Ал, үй тапсырмасын орындауға көмектесетін ата-ананың қолы тимейді. Сол себепті ата-аналардың өтінішімен осы бағдарламаға баланы тасымалдау қызметін қостық. Яғни, мектептен баланы өзіміз алып келіп, үй тапсырмасын бірге орындаймыз. Тамағын да осы жерде ішеді, – делі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Әсия Рышкен.

«Алтын жас» жобасы аясында жұмыс істеп жатқан тағы бір зейнеткер – Ләззат Асылбекова. Кейіпкеріміз Қарқаралы ауданы, Тоғар ауылының мектебінде 42 жыл бастауыш сынып мұғалімі болған. Зейнеткерлікке шыққан соң қалаға қоныс аударыпты. Қазір аталған жоба аясында «Казсарпасервис» ЖІПС тиесілі Мұқанов 19/2 мекенжайында орналасқан орталыққа жұмысқа қабылданып, мектепке дейінгі даярлық бөлімінде дәріс береді. Түске дейін алты балаға мектепке даярлық бойынша сабақ берсе, түстен кейін 2-4 сынып аралығындағы 8 балаға қосымша дәріс өткізеді.

Зейнеткерлікке шыққан соң қалаға қоныс аударыпты. Қазір аталған жоба аясында «Казсарпасервис» ЖІПС тиесілі Мұқанов 19/2 мекенжайында орналасқан орталыққа жұмысқа қабылданып, мектепке дейінгі даярлық бөлімінде дәріс береді. Түске дейін алты балаға мектепке даярлық бойынша сабақ берсе, түстен кейін 2-4 сынып аралығындағы 8 балаға қосымша дәріс өткізеді.

Зейнеткерлікке шыққан соң қалаға қоныс аударыпты. Қазір аталған жоба аясында «Казсарпасервис» ЖІПС тиесілі Мұқанов 19/2 мекенжайында орналасқан орталыққа жұмысқа қабылданып, мектепке дейінгі даярлық бөлімінде дәріс береді. Түске дейін алты балаға мектепке даярлық бойынша сабақ берсе, түстен кейін 2-4 сынып аралығындағы 8 балаға қосымша дәріс өткізеді.

Зейнеткерлікке шыққан соң қалаға қоныс аударыпты. Қазір аталған жоба аясында «Казсарпасервис» ЖІПС тиесілі Мұқанов 19/2 мекенжайында орналасқан орталыққа жұмысқа қабылданып, мектепке дейінгі даярлық бөлімінде дәріс береді. Түске дейін алты балаға мектепке даярлық бойынша сабақ берсе, түстен кейін 2-4 сынып аралығындағы 8 балаға қосымша дәріс өткізеді.

Зейнеткерлікке шыққан соң қалаға қоныс аударыпты. Қазір аталған жоба аясында «Казсарпасервис» ЖІПС тиесілі Мұқанов 19/2 мекенжайында орналасқан орталыққа жұмысқа қабылданып, мектепке дейінгі даярлық бөлімінде дәріс береді. Түске дейін алты балаға мектепке даярлық бойынша сабақ берсе, түстен кейін 2-4 сынып аралығындағы 8 балаға қосымша дәріс өткізеді.

Зейнеткерлікке шыққан соң қалаға қоныс аударыпты. Қазір аталған жоба аясында «Казсарпасервис» ЖІПС тиесілі Мұқанов 19/2 мекенжайында орналасқан орталыққа жұмысқа қабылданып, мектепке дейінгі даярлық бөлімінде дәріс береді. Түске дейін алты балаға мектепке даярлық бойынша сабақ берсе, түстен кейін 2-4 сынып аралығындағы 8 балаға қосымша дәріс өткізеді.

Зейнеткерлікке шыққан соң қалаға қоныс аударыпты. Қазір аталған жоба аясында «Казсарпасервис» ЖІПС тиесілі Мұқанов 19/2 мекенжайында орналасқан орталыққа жұмысқа қабылданып, мектепке дейінгі даярлық бөлімінде дәріс береді. Түске дейін алты балаға мектепке даярлық бойынша сабақ берсе, түстен кейін 2-4 сынып аралығындағы 8 балаға қосымша дәріс өткізеді.

Зейнеткерлікке шыққан соң қалаға қоныс аударыпты. Қазір аталған жоба аясында «Казсарпасервис» ЖІПС тиесілі Мұқанов 19/2 мекенжайында орналасқан орталыққа жұмысқа қабылданып, мектепке дейінгі даярлық бөлімінде дәріс береді. Түске дейін алты балаға мектепке даярлық бойынша сабақ берсе, түстен кейін 2-4 сынып аралығындағы 8 балаға қосымша дәріс өткізеді.

Зейнеткерлікке шыққан соң қалаға қоныс аударыпты. Қазір аталған жоба аясында «Казсарпасервис» ЖІПС тиесілі Мұқанов 19/2 мекенжайында орналасқан орталыққа жұмысқа қабылданып, мектепке дейінгі даярлық бөлімінде дәріс береді. Түске дейін алты балаға мектепке даярлық бойынша сабақ берсе, түстен кейін 2-4 сынып аралығындағы 8 балаға қосымша дәріс өткізеді.

Зейнеткерлікке шыққан соң қалаға қоныс аударыпты. Қазір аталған жоба аясында «Казсарпасервис» ЖІПС тиесілі Мұқанов 19/2 мекенжайында орналасқан орталыққа жұмысқа қабылданып, мектепке дейінгі даярлық бөлімінде дәріс береді. Түске дейін алты балаға мектепке даярлық бойынша сабақ берсе, түстен кейін 2-4 сынып аралығындағы 8 балаға қосымша дәріс өткізеді.

Әзірге бұл орталықта жоба аясында жұмыс істеп жатқан Ләззат Қарбайқызы ғана. Бірақ, орталық басшысы ағылшын тілінің екі және екі бастауыш сынып мұғалімі жоба аясында жұмысқа алуға өтініш беріп қойған.

Суреттерді түсірген **Жангелді ӘБДҒАЛЫМ**

«Үздік тәжірибе» үмітті ақтай ма?

Қарағанды қаласының №3 емханасы базасында алғашқы үздік тәжірибелер орталығы ашылды. Бұл өңірдің денсаулық сақтау жүйесін реформалауда нақты қадам болды. Себебі, оны іске асыру арқылы емхана жобалық басқаруға көшті. Соның арқасында медициналық қызметтердің сапасын едәуір жақсартуға және халық үшін көмектің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік пайда болды.



безі обрын ерте анықтау» және «Инсульттің алдын алу» жобалары бар. Бұл бастамалар халықты хабардар етуге және осы аурулардың алдын алу процесіне тартуға бағытталған.

Үздік тәжірибе орталығы – пациенттердің жоғары тиімділігі мен қанағаттанушылығына қол жеткізу үшін инновациялық тәсілдер мен дәстүрлі жұмыс әдістерін біріктірудің жарқын мысалы. Үздік тәжірибелер орталығы жұмысының оң нәтижелері қазірдің өзінде байқалады. Емханаға келушілер саны 12,1%-ға, ал, профилактикалық тексерулер бағдарламасына тартылған пациенттер саны 11%-ға өсті. Бұл өзгерістердің барлығы пациенттің ыңғайлы, қолжетімді және қажеттілікке бағытталған ортасын құру арқылы мүмкін болды.

Денсаулық сақтау саласына халықтың сенімі – «Халық кеңесі» де бар орталықта. Кеңестің үш отырысы өтті. Оның мүшелері емхана маңындағы ұзындығы 700 метр жылу магистральдық траншея-

командада отбасылық дәрігер, әлеуметтік қызметкер, психолог, акушер және бірнеше медбике бар. Олар профилактикалық тексерулер жүргізеді, денсаулыққа қауіп төндіретін және физикалық, психоэмоционалды және әлеуметтік мәселелерді шешеді. Бұл командалар пациенттерге жан-жақты көмек көрсетуге мүмкіндік беретін жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, дағдарыс орталықтарымен және басқа ұйымдармен белсенді жұмыс істейді.

Орталық жұмысының маңызды элементі – медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру. 2023 жылы дәрігерлерге, медбикелерге, әлеуметтік қызметкерлер мен психологтарға арналған тренингтер циклі өткізілді. Нәтижесінде №3 емхананың 146 қызметкері оқудан өтті. Жаңа білім мен жұмыс әдістері қызмет көрсету сапасын арттыруға және инновациялық тәсілдерді енгізуге көмектеседі.

Орталықта бірнеше әлеуметтік жобалар әзірленіп, енгізілді. Олардың ішінде «Науқастың көзімен алғашқы 5 минут», «Дұрыс тамақтану мектебі», «Ерлердің денсаулығын ұзарту», сондай-ақ, «Сүт



сын жабу, автокөліктерді қоюға арналған орын ашу мәселелерін көтеріп, шешілуіне атсалысты. Нәтижесінде, қосымша тұрақ алаңына орын табу және ерекше қажеттіліктері бар пациенттер үшін жағдайды жақсарту сияқты мәселелер шешілді.

Тағы бір маңызды жаңалық – пациенттерге жоғары білімі бар мейіркелік қызметтерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін тәуелсіз мейіркелік практика орталығының ашылуы. Бұл мамандар медициналық қызметтердің кең спектрін ұсынады. Соның ішінде, жұқпалы емес аурулары бар науқастарды қабылдау, мейіркелік іс-шаралар жоспарын құру, созылмалы ауруларды бақылау, жүкті және қарт адамдарға қамқорлық жасау, денсаулықты нығайту және аурудың алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру.

Жалпы, орталық жұмысының нәтижелеріне тек жергілікті тұрғындар ғана емес, басқа аймақтардың мамандары да қызығушылық танытуда. №3 емхананың базасында облыстың және басқа өңірлердің медицина қызметкерлері оқудан өтті. Бұл жобаның табыстылығын және оның Қазақстанның денсаулық сақтау саласын дамытудағы маңыздылығын айғақтайды. Үздік тәжірибелер орталығының мақсаты медициналық көмектің қолжетімділігін жақсарту ғана емес, сонымен қатар, медициналық мекемелерге деген сенімді арттыру, әлеуметтік бағдарламаларды дамыту және әрбір пациенттің денсаулық мәселелерін шешуге кешенді көзқарас болып табылады. Алдағы уақытта жаңа жобалар енгізу жоспарланған. Бұл халықпен одан да тиімді жұмыс істеуге және медициналық қызметтердің жоғары сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сәния БОРАНҚҰЛОВА,
Қарағанды қаласының
№3 емханасы директоры
Суреттер емханадан

• ҚАРАҒАНДЫ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІНЕ – 75 ЖЫЛ

Тарихқа айналған жылдар

Аймақта білім мен ғылымның дамуы өңірдің өрлеуіне әсер еткен басты фактор болғаны даусыз. Осыдан 75 жыл бұрын қазіргі Қарағанды медицина университеті алғашқы студенттерін қабылдаған еді. Содан бері ширек ғасырдан астам уақыт бойы оқу орны өзінің басты миссиясы – білікті маман даярлаумен айналысып келеді. Қарағанды медицина университетінің тарихы ел тарихымен тығыз байланысты. Бұл – денсаулық сақтау саласы мамандарын даярлайтын жетекші университетке айналу жолы. Бүгінде бірігей білім ордасы әлемдік деңгейдегі зерттеу университеті ретінде сара жолды жалған келеді.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Университеттің құрылып, қалыптасуы мен дамуы туралы сөз қозғағанда тіл ұшына әуелі Петр Поспелов оралады. Дәл осы Петр Моисеевичтің бастамасымен облыстың денсаулық сақтау бөлімі 1947 жылы КСРО Денсаулық сақтау министрлігіне Қарағандыда медициналық институт ашу туралы ұсыныс білдіреді. Денсаулық сақтау министрлігінің комиссиясы институт ашу мүмкіндіктерін қарастырып, оң қорытынды береді.

1949 жылы 5 желтоқсанда КСРО Министрлер Кеңесі төрағасының «РСФСР Министрлер Кеңесі мен КСРО Денсаулық сақтау министрлігін таратылған Қазан стоматологиялық институтынан профессорларды, оқытушылар мен бірінші курсты бітірген студенттерді белгіленген тәртіппен Қарағанды медициналық институтына ауыстыруға міндеттеу» туралы бұйрығы шығарылды. 1949 жылдың соңында институттың ашылу мәселелері бойынша Қарағандыға Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрі С.Чесноков және КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің оқу орындары Бас басқармасы бастығының орынбасары профессор



Петр Моисеевич оқу орнын ширек ғасырға жуық басқарды, дәлірек айтсақ 24 жыл 9 ай 10 күн. Осы жылдар оқу орнының қазіргі шыққан биігі мен жеткен жетістіктерінің бастауына айналды. Университеттің алғашқы түлектерінің алғашқы ректор Петр Поспеловке шынайы алғысы мен ыстық ықыласы ерекше еді. Оны барлығы «біздің баты» деп жақсы көрді. Ол себебі, медицина университетінің негізін қалаушы ғана емес, мыңдаған түлектің рухани

Петр Моисеевич медициналық мекемелердің жұмысын нақты ұйымдастыра алды. Қарағандыда медицина институтын ашу идеясы сол кездерде пайда болған болар. Себебі сұңғыла жан әр істің мәні мен байыбын терең түсінетін. Сондықтан, маман даярлау ісін бірінші кезекке қойды. Білікті маман даярлау үшін сондай кадр болуы шарт. Алайда, Петр Моисеевич бұл жағынан қиналған жоқ. Оның адамды баурай білетін ерекше қасиетінің арқасында жаңадан ашылған институтқа мүйізі қарағайдай профессорлар мен белгілі ғалымдар келді. Арнайы Қазан қаласына барып, сондағы стоматологиялық институттың оқытушыларымен кездеседі. Нәтижесінде профессор А.Лаббок, биология



Институт ректораты 1973 ж.

”

Петр Поспелов

1903 жылы 6 қарашада Ставрополь өлкесінің Рашеватск ауылында дүниеге келген.

1929 жылы Кубань медициналық институтын бітірді.

1933 жылы КСРО Денсаулық сақтау халық комиссариатының жолдамасы бойынша Қарағандыға келді.

1939-1950 жылдары Қарағанды облыстық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі болады.

1943 жылы «Республиканың еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағы берілді.

1950 жылы Қарағандыда ашылған медициналық институттың директоры лауазымына тағайындалды.

1954 жылы доцент ғылыми атағы берілді. Оның басшылығымен 6 кандидаттық диссертация қорғалды. 70-тен астам ғылыми мақалалардың авторы. 12 ғылыми еңбек жинағының редакторы болды. В.Брейдомен бірлесіп 1973 жылы «Қарағанды мемлекеттік медицина институты» кітабын шығарды.

Отан алдындағы еңбегі айрықша бағаланды. Петр Моисеевич «Құрмет Белгісі» (1944), «Қызыл Жұлдыз» (1946), Ленин атындағы (1961), «Октябрь революциясы» (1971) ордендерімен, «Тың жерлерді игергені үшін» (1960), «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен марапатталған. КСРО және ҚазКСР Денсаулық сақтау министрлігінің Құрмет грамоталарының иегері.

тебінен өтті. Тәжірибелі ұстаздардан тәлім алдым. Ол заманның білім беру жүйесі, тәжірибеден өткізу мектебі өте жоғары еді ғой! Соның нәтижесінде білікті маман, білімді дәрігер болып шықтық, – деп еске алады ол бүгінде.

– Петр Моисеевичтің көрегенділігі ерекшелен тұратын, – деп еске алады оқу орнының тағы бір түлегі, профессор Тельман Сейсембеков. – Ол болашақ үшін жұмыс істеді, бар білімі мен тәжірибесін аямады. Оның қолға алған барлық бастамалары оқу орнын одан әрі дамытып, жетілдіріп, білім беру ісін жүйелендіруге бағытталатын. Мәселен, «Медик» демалыс орны да оның еңбегінің жемісі. Петр Поспеловтың бастамасымен Қарқаралы демалыс аймағында студенттерге арналған санаторий-профилакторий ашылды.

Тағы бір ерекше атап айтарлық қасиеті оның қазақ жастарына деген қамқорлығы еді. Ол өзі де қазақша әжептәуір сөйлейтін. Сондықтан, қазақ жастарының жоғары медициналық білім алуына мүмкіндік жасады. Институт ашылған жылы барлық дәрігерлердің арасында сегіз ғана қазақ болса, 1973 жылы оқу бітірген 7 мыңнан астам түлектің үштен бірі қазақ жастары еді. Мұны біз ғана емес, тәлім алған, алдын көрген, әріптес болғандардың барлығы жақсы біледі.

Осы ретте Қарағанды көмір бассейніндегі өндірістік жаракаттану мен кәсіптік ауруларға қатысты мәселелер де медицина маманының назарында болғанын ерекше айту керек. Осы бағытта кандидаттық еңбегін жазып, доктор атағына ие болды. Бұл өндірістік өңір үшін өте маңызды экономикалық әрі әлеуметтік тақырып екені рас. Оның үстіне бұл оқу орнындағы ғылыми жұмыстарды дамыту ісіне бастау салды. Одан кейін медицина ғылымдарының кандидаттары мен докторларының легі қалыптаса бастады.

Тельман Зейноллаұлы – білім

ғылымдарының кандидаты А.Зорина, тарих ғылымдарының кандидаты М.Лоньшакова, медицина ғылымдарының кандидаты О.Мукосеева, аға оқытушылар Б.Мокеев, И.Шевелов және басқалары келді. Сондай-ақ, А.Свяждо, Е.Цукерштейн, А.Штейнберг, З.Слободин сынды ғалымдардың кілтін таба білді. Олардың барлығы елуінші жылдары Қарағандыға келіп, медицина институтының қалыптасуына атсалысты.

Институттың алтын дәуірі осы кісілердің есімдерімен тығыз байланысты деп санайды белгілі дәрігер Мейрам Тұрғынов.

– Петр Моисеевич – бас иіп, шексіз құрметтеуге тұратын жан. Ол сол жылдары Ресейден келген оқытушылар үшін басты келергі – тіл білмеу екенін жиі айтып отыратын. Мен оның: «Егер жерінде тұрып жатқан халықты құрметтесең, тілін білуің керек» деген сөзін жадыма тоқып қалдым. Ол қазақ тілін меңгеріп, қазақ студенттерімен емін-еркін сөйлесетін, – дейді Мейрам Байзраханұлы.

Мейрам Байзраханұлының 61 жылы осы Қарағанды медицина университетімен тығыз байланысты. Әуелі студент болды, кейін ассистент, доцент атанды. 1955 жылы Қарағанды мемлекеттік медициналық институтына студент болып түскен ол бүгінде медицина саласының ардагері. 1961 жылы оқуын аяқтаған бетте Мәскеуде

аспирантурада оқиды, келген соң бір жыл Алматыда жұмыс істейді. 1965 жылдан 2020 жылға дейін табан аудармай осы оқу орнында еңбек етті. Alma mater өмірінің өзегіне айналып кеткені қашан? – Менің азамат және маман ретінде қалыптасуыма Петр Поспелов пен Сәкен Ныгманов зор еңбек сіңірді. Мәдениет Сәрсембаев, Әбдірахман Аушев, Лагиф Нанчикеев, Тельман Сейсембеков, Совет Асакаев, Төңкеріс Тәткіов, Ғабдолла Құлқыбаев тәрізді азаматтармен табыстырған тағдырыма дән ризамын. Жарты ғасырдан аса уақыттан бері Қани Мұсылманбековпен және Қайыржан Абисатовпен қоян-қолтық бірге еңбек еттім. Тек жұмыс барысында ғана емес, отбасымызбен жақын туысқандардай араласып кеттік, – деп ағынан ақтарылды хирург Мейрам Тұрғынов.

Десе де, Мейрам Тұрғынов өмірдің бұралаң соқпақ жолының басында медицинадан басқа салаға түспекші болыпты. Әуелде



Университеттің 75 жылдығын тойлау сәті

Мейрам Байзраханұлының геолог болғысы келді. Кездейсоқтық па, білмедік, бірде ол Петр Поспеловтың ұлы досы Бориспен бірге мектеп бітірген алдында медицина жөнінде кіріспе лекция тыңдау үшін Қарағанды мемлекеттік медицина институтына барды. Білім ұясындағы мағыналы әңгіменің әсеріне елтіген бозбала Мейрам медицина мамандығына құлай беріледі. Құлай берілгені соншалық саналы ғұмырын осы саламен байланыстырады.

– Мен институт пен аспирантурадан бастап, тамаша білім мек-


ордасының 1964 жылғы түлегі. Оқуын аяқтаған бетте институттың терапия кафедрасының стажері болды. Институт қабырғасында еңбек етіп жүріп, кейін ассистент, доцент атағын алды. 1976-1984 жылы ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры. 1984-1998 жылдары №2 ішкі ауруларға кіріспе кафедрасының меңгерушісі болды. 1998 жылы Астанада ашылған Қазақ ғылыми-зерттеу институтының филиалына басышы болып тағайындалып, елордаға ауысты.

Тельман Зейноллаұлы Петр

Моисеевичке арнап, 2010 жылы кітап жазды. Онда халыққа ардақты ұстазының өмірін, қоғамдық қызметін, атқарған ілкімді істерін барынша жеткізуге тырысты. Оның жоғары ұйымдастырушылық қабілеті, адами болмысы, кәсібіне адалдығы мен шеберлігі көпке үлгі екені рас. Петр Моисеевичтен тәлім алған студенттері аты әйгілі ғалымдар, білікті дәрігерлер, мықты ұйымдастырушылар болып еліміздің түпкір-түпкірінде еңбек етіп, ұстазының сара жолын жалғастырып жүр.

Әрине, уақыт озады, заман алмасады. Петр Моисеевич құрған институт заманмен бірге түрленеді. Алайда, өзінің өз бастағы мақсатынан таймайды. Жаңа ғасыр тоғысында оқу орнында шетелдік студенттер үшін ағылшын тілі бөлімі ашылды. Фармацевтика факультеті, шығыс медицинасы факультеті және медицина колледжі пайда болды. Осы уақытта республикадағы алғашқы университеттік оқу-клиникалық зертхана жұмыс істей бастады. 2005 жылы университет ТМД елдерінде бірінші болып NQA-UK, NQA-Russia уәкілетті органының сапа менеджменті жүйесін сертификаттаудан өтті. 2009 жылы «Қарағанды мемлекеттік медицина академиясы» «Қарағанды мемлекеттік медицина университеті» болып өзгертілді. Одан бері де бірқатар білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметін жүргізу құқығын алды. 2016 жылы ортопедия саласындағы өнертабысқа Еуразиялық патенттік ведомствоның бірінші еуразиялық патенті алынды. ҚММУ Ғылыми-зерттеу орталығының Ғылыми-зерттеу санитарлық-гигиеналық зертханасы ҚР СТ ISO/IEC 17025-2007 талаптарына сәйкестігіне аккредиттелген.

Өткен жылдары университет еуропалық үш грант жеңіп алды. «Еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы магистрлік бағдарламаларды үйлестіру және өзара тану», «Қазақстандағы



П.Косыков келді. Аймақта жоғары оқу орнын құру бойынша дайындық жұмыстары басталады.

1950 жылы 20 қаңтарда Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулысына сәйкес Қарағандыда 1950 жылдың 1 қыркүйегінде медициналық институт ашылатын болды. Алғашқы 1950-1951 оқу жылында білім алушылар қатары 100 адам болып бекітілді. Ал, 1950 жылы 21 сәуірде Петр Поспелов КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің №418-л бұйрығымен Қарағанды медициналық институтының директоры болып тағайындалды. 1961 жылдың 31 мамырынан бастап КСРО-ның жоғары оқу орындары туралы ережеге сәйкес институт директоры мен оның орынбасарлары ректор және проректорлар деп атала бастады.

тәлімгері, өмір мектебінің нағыз мұғалімі болды. Петр Поспелов Кубань медициналық институтын бітіргеннен кейін Краснодар өлкесінде дәрігер-терапевт болып жұмыс істеді. Қарағандыға 1933 жылы келіп, қатардағы дәрігер болып еңбек етті. Оның ұйымдастырушылық қабілеті бірден байқалды. Көп ұзамай ол аурухананы басқарды. Алты жылдан кейін Қарағанды облыстық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды. Петр Поспелов Ұлы Отан соғысының алғашқы жылдарында Қарағандыда майданнан оралған жаралыларды қабылдайтын ауруханалар ашты. Кәсіби медициналық кадрлардың жетіспеушілігіне және жалпы қиын материалдық-техникалық жағдайға қарамастан,



ҚММИ ұжымы Қараша демонстрациясында

Суреттер университеттің баспасөз қызметінен

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Экономиканың екпінді звеносы

Шағын және орта бизнестің тұрақты дамуы аймақ экономикасын нығайтуды жалғастырып жатыр. Бір жыл ішінде жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің саны 2,4 пайызға өсіп, 101,6 мыңға жетті. Шетелдік компаниялардың аймаққа деген қызығушылығы да артып келе жатқанын атап өту маңызды.

2024 жылы 12 жаңа филиал тіркеліп, олардың жалпы саны 50-ге жетті. Осы секторда жұмыспен қамтылғандар саны 232 мың адамға жетіп, облыстағы барлық жұмыспен қамтылғандардың 43 пайыздан астамын қамтамасыз етті. Өнімдер мен қызметтердің көлемі 3 трлн теңгеге жетті. ЖӨӨ-дегі ШОБ үлесі шамамен 21 пайызды құрайды.

Кәсіпкерлік субъектілерін бөлшек салық мөлшерлемесін 4-тен 2 пайызға дейін төмендету арқылы қолдаудың арқасында салық төлеушілер саны 20 есеге (3,3 мың салық төлеуші) өсті. Ал, олардан түсетін салық түсімдері 250 есеге (9,6 млрд теңге) артты. Жалпы ШОБ-тан бюджетке түсетін салық түсімдері 22,7 пайызға (368 млрд теңге) ұлғайды.

Бұл сандардың артында қолайлы бизнес-ахуал құру және кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру бойынша атқарылған үлкен жұмыс тұр.

2024 жылдан бастап Кәсіпкерлікті қолдаудың бірыңғай кешенді бағдарламасы бастау алды. Оны іске асыруға облыстық бюджеттен 3,6 млрд теңге бөлінді. 2023 жылмен салыстырғанда 1,7 есеге артық. Бұл 49,4 млрд теңге кредит сомасына 1,3 мың жаңа ШОБ жобасы мен өткен жылдардан ауысқан 1,7 мың жобаны қаржыландыруға мүмкіндік берді.

Бизнес үшін ең тиімді және сұранысқа ие құрал субсидиялау құралы болып табылады. Оны 868 компания пайдаланды. Әрине, өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарын қолдау басым міндет болып табылады. Сонымен бірге, халықтың өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін экономика секторлары да маңызды болып қала береді.

Мемлекеттік қолдаудың арқасында Теміртауда (15 Емхана) және Қарағандыда жаңа емханалар салынуда, медициналық орталықтар (Flebokaraganda, GalaКлиника, Jusan medo) жаңартылуда, «QAZGUU School» жаңа бизнес мектебі ашылды, білім беру және балалар орталықтары («Алтын бесік», «Ақ-Бота») қызметін кеңейтуде. «Норма» және «Оптим» заманауи сауда форматтарының құрылысы жүргізілуде, Балқаш қаласы

мен Қарқаралы ауданында демалыс аймақтары салынуда. Жергілікті азықтүлік өнімдерін өндірушілерге (KazAgro 2050, Milk&meat company, Greenhouse Product, ВАВИЛОН сауда желісі) және тағы басқа да қолдау көрсетілуде.

Кәсіпкерлердің кредиттік ресурстарға қолжетімділігін кеңейту және қамтамасыз ету мақсатында кепілдік беру құралы іске асырылып жатыр. Ол бойынша 396 жоба қаржыландырылды.

Кәсіпкерлікті дамытудың «Кәсіпкер» өңірлік бағдарламасы бойынша жеңілдікпен кредиттеу жалғасуда. 2024 жылы туризм саласындағы жобаларға кредит беру шарттары кеңейтілді. Кредит сомасы 100 млн теңгеге дейін. Мерзімі – 7 жылға дейін өсті. Есепті жылы бағдарламаны қаржыландырудың жалпы көлемі 1,4 млрд теңгені құрады. 42 жоба қаржыландырылды. Жобалар нан-тоқаш өнімдері, құрылыс материалдары, матрастар, жиһаз, киім, полиграфиялық өнімдер өндірісін кеңейтуге бағытталған. Нәтижесінде 52 жаңа жұмыс орны құрылды. Өңір экономикасына 1,3 млрд теңге бюджеттік инвестиция салынды.

Инженерлік инфрақұрылымды жүргізу тетігі бизнес үшін елеулі қолдау болып табылады. Үйлестіру кеңесі Бұқар жырау ауданындағы («Ushobe Qus» ЖШС) және Теміртау қаласындағы («ҚазМетКокс» ЖШС) 129,4 млн теңге сомасына маңызды нысандарға ИКИ жеткізу жөніндегі 2 жобаны мақұлады.

Қарағанды облысындағы әлеуметтік кәсіпкерлік жақсы көрсеткіштерге қол жеткізіп отыр. Олар үшін жеңілдікті субсидиялауды, гранттарды және консультациялық көмекті қоса алғанда, арнайы жағдайлар жасалуда.

2024 жылы әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік қызметтер, білім беру және медициналық қызмет бағыттары бойынша 21 кәсіпкер енгізілді. Мұндай кең спектр халықтың осал топтарын қолдаудан бастап, аймақтағы өмір сапасын жақсартуға дейінгі әлеуметтік мәселелерді қамтуға мүмкіндік берді.

Әлеуметтік кәсіпкерлер қоғам үшін



маңызды жобаларды сәтті дамыта алды. 2024 жылы бизнесті бастау және дамыту гранттарына 10 әлеуметтік кәсіпкер және «Бір ауыл – бір өнім» жобасының 2 финалисті ие болды.

Әлеуметтік кәсіпкерліктің жарқын мысалы етіп Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Үштөбе ауылындағы «Супер Ботакан» балабақшасын алуға болады. Ол «Монтессори топтарын ашу» жобасы бойынша грант алды. Осы сияқты «Қолданыстағы тігін өндірісін кеңейту» жобасы бойынша «Қазақ соқырлар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің Балқаш оқу-өндірістік кәсіпорны» ЖШС да кәсібін жүргізіп отыр.

Сауда саласы облыстың жалпы өңірлік өнімінің 15,4 пайызын қамтамасыз ете отырып, экономикалық өсуді қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

2024 жылдың қорытындысы бойынша ішкі сауда көлемі 4,7 трлн теңгеден асты, бұл 2023 жылға қарағанда 19,1 пайыз өсімді құрайды, оның ішінде бөлшек тауар айналымының көлемі 3,4 пайызға (1,7 трлн теңге) және көтерме 29,5 пайызға (3,0 трлн теңге) өсті.

Жаңа сауда және қызмет көрсету нысандарының құрылысы жалғасты, 1 мыңнан астам жұмыс орнын құрумен 18,6 млрд теңге сомасына 117 жоба іске асырылды. Оның ішінде «Teez» маркетплейсі, «Hyundai Qaragandy» дилерлік орталығы, «Оптим» супермаркеті сияқты Жалпыұлттық пулдың инвестициялық жобалары іске қосылды.

Электрондық сауда қарқынды дамып келеді, ол бизнесті дамыту үшін үлкен әлеуетке ие және жаңа мүмкін-

діктер жолын ашады. Онлайн сату бойынша облыс жылына 40 млрд теңгеге жуық сатуды қамтамасыз етеді. Сатып алушылар үшін тапсырыстарды алудың және төлемдерді жүргізудің ыңғайлы инфрақұрылымы құрылуда. Электрондық сауданы дамытудағы жаңа тауаша «Teez» жаңа қазақстандық маркетплейсінің ашылуы болды, оның бірегейлігі тауарларды 1 күнде жеткізуде.

Қарағанды облысы табиғи көрікті жерлері мен тарихи мұраларының арқасында ішкі және кірмелік туризмді дамыту үшін үлкен әлеуетке ие. Облысқа барлығы 306,3 мың турист келді. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 7,9 пайызға көп. Негізінен бұл еліміздің тұрғындары. Ішкі туризм 7,1 пайызға өсті (290,3 мың адам). Шетелдік қонақтардың да қызығушылығы артып келеді. Олардың саны 24,8 пайызға (16 мың адам) өсті. Туристік белсенділіктің өсуі шет елдердің қызығушылығының артуымен тікелей байланысты. 2024 жылы біздің облысқа Үндістан, Қытай, Нидерланды, Корея, Ресей, Иран және Польша елшіліктерінің өкілдері келді. Бұл біздің облыстың халықаралық деңгейде танылғанын көрсетеді.

2024 жылы туризм саласында 1,8 млрд теңге инвестиция сомасына 11 жоба іске асырылды. Теміртау қаласында «ИЗБА» демалыс базасы, Қарқаралы ауданында «Орман» қонақ үйі, Осакаров ауданының Молодежный кентінде қонақ үй ашылды. Қарағандыда – «Bereke», «Турист», «Comfort», «AISH HOTEL» қонақ үй кешендері мен хостелдері, Балқашта – 4 демалыс аймағы ашылды. Инвестициялық ахуалды жақсарту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар өз нәтижелерін беруде. Туризм саласындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 18,4 млрд теңгені құрады.

Мемлекеттік қолдау шараларының арқасында демалыс үйлерін салуға және 4 санитарлық-гигиеналық торапты ұстауға 6 жоба субсидияланды. (Қарағанды – 1, Бұқар жырау ауданы – 2, Саран қ. – 1). Алғаш рет Балқаш қаласының кәсіпкері Ж.Абишевке «Сказка» демалыс аймағын салу құнының 10 пайыз мөлшерінде шығындардың бір бөлігін өтеу ұсынылды.

Туризмді дәріптеу мақсатында 2024 жылғы наурызда Пекин қаласында өткен Қытайдағы Қазақстан туризмі жылының

ашылуы шеңберінде Туризмді дамыту және инвестициялар жөніндегі форумда біздің өңірдің туристік көрікті жерлерін таныстырдық. Сәуірде KITF 2024 «Туризм және саяхат» қазақстандық Халықаралық көрмесіне, шілдеде «Balhash Tour Fest» фестиваліне қатыстық. Қазанда Абай ауданы, Теміртау және Қарағанды қалаларының көрікті жерлері мен мәдени-тарихи орындары бойынша экскурсиялық бағдарламамен ақпараттық тур өткіздік.

Қарағанды облысының <https://visitkaragandyregion.kz/> туристік порталы туристер мен бизнес үшін пайдалы құрал. Ресурс көрікті жерлер, қызметтер мен маршруттар, іс-шаралар туралы өзекті деректерді ұсынады. Ішкі туризмді ілгерілетуде өз жұмысын биыл бастаған «Visit Qaraganda» жаңа туристік ақпараттық орталығы ықпал ететін болады.

ШОБ-ты қолдаудың қолданыстағы шаралары бойынша жүргізіліп жатқан ақпараттық-түсіндіру жұмыстары шеңберінде облыс өңірлеріне, оның ішінде шалғайдағы өңірлерге көшпелі кездесулер, брифингтер ұйымдастырылды. Біздің алаңда сараптамалық кеңестер, Кәсіпкерлер палатасының алаңында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі кеңестер, туризм жөніндегі кеңестер өткізілді.

Қыркүйек айында бизнес алдында жыл сайынғы Бірыңғай есеп беру күні өткізілді. Онда тұтынушылардың құқықтарын қорғау, салық заңнамасын, өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу, медициналық қызметтер көрсету және мемлекеттік статистика саласындағы мәселелер айтылды.

11, 2 мың адам «Қарыссыз қоғам» жаңа жобасы бойынша қаржылық сауаттылықтарын арттырды. Жобаға қатысушылар заң және қаржы мәселелері бойынша, оның ішінде ШОБ-ты мемлекеттік қолдау шаралары бойынша білікті консультанттар алды. Бұл жұмыс биыл да жалғасады.

Шағын және орта бизнес өңірлік экономиканың тұрақты өсінде шешуші рөл атқарады. Жұмыс орындарына, инвестицияларға және халықтың әл-ауқатын арттыруға негіз болады.

Ирина ЛЮБАРСКАЯ,
Қарағанды облыстық кәсіпкерлік басқармасының басшысы

Өнеркәсіп өркендеп келеді

Өткен жыл қорытындысы бойынша облыстың өнеркәсіптік өндіріс көлемі 2023 жылға қарағанда 12% өсіммен 4 трлн теңгеден асты. Тау-кен өндіру өнеркәсібінде өндіріс көлемі 593 млрд теңгені құрады. Нақты көлем индексі – 114%. Өсім көмір өндіруде 5,8%, металл кендерін өндіруде 22,3%, тау-кен өнеркәсібінде қызмет көрсетуде 28,7% шамасында. Өңдеу өнеркәсібі өндірісінің көлемі 3 137,9 млрд теңгені құрап, 2023 жылға қарағанда 12,3%-ға өсті. Технологиялық жаңашылықтар мен инновацияларға негізделген бұл даму – болашаққа деген батыл қадам. Өндіріс көлемінің артуы, жаңа мүмкіндіктер мен серпінді жобалар – аймақтың өркендеуінің айқын дәлелі. Өнеркәсіптегі бұл табыстар алдағы жылдардағы үлкен жетістіктерге бастама болары сөзсіз. Экономикалық өрлеу жалғасып, облыстың өркендеуіне тың серпін бермек.

Өсім барлық негізгі салаларда анықталды. Мәселен, қара металлургияда 14,9%, түсті металлургияда – 6,4%, машина жасауда – 24,5%, резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіруде – 37,9%, құрылыс индустриясында – 3,9%, фармацевтикада – 45,3%, химия саласында – 1,6%, тамақ өнімдерін өндіруде – 2,3%-ды құрады.

Облыстың жүйе құраушы кәсіпорындары да тұрақты оң динамиканы көрсетті. «Qatmet» АҚ-да болат өндірісі 17,7%-ға, шойын өндірісі 14,1%-ға, жалпақ илек өндірісі 18,2%-ға өскен. Аталған кәсіпорындар жаңа инвесторға тапсыру кезінде 8 шахтаның тек 3-і ғана жұмыс істеп тұрғанын атап кету керек. Қазіргі уақытта 7 шахтадағы жұмыс қалпына келтірілді. Қазба жүргізілетін кенжар саны 11-ден 45-ке дейін ұлғайтылды. Сондай-ақ, кеншілердің қауіпсіздігі үшін екі шахтада – Қазақстан және Күзембаев атындағы шахтада іздеу және позициялау жүйесі енгізілді. 2025 жылдың соңына дейін «Qatmet» АҚ барлық шахталарында аталған жүйені енгізу жоспарлануда. «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-де мыс өндірісі 224,8 мың тоннаны құрады. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі рекордтық 1,4 трлн теңгеге жетті. Бұл 2023 жылмен салыстырғанда 61%-ға өсімді қамтамасыз етті.

Облыстағы жүйе құраушы кәсіпорындардың дамуы мен жетістіктері аймақтың экономикалық күш-қуатын нығайтуға бағытталған маңызды қадам. «Qatmet» АҚ-ның болат және шойын өндірісінің өсуі өндіріс қуаттарының жаңартылуын және ұлғаюын білдіреді. Ал, шахталарда жұмысты қалпына келтіру, олардың санын арттыру және қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қолданылатын заманауи технологиялар өңірдің тау-кен өнеркәсібінің тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады.

Бұл өзгерістер өндірістің тұрақтылығын қамтамасыз етуге және шахтерлердің қауіпсіздігін жақсартуға ықпал ететін үлкен жетістік деуге тұрарлық. «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-нің мыс өндірісі мен негізгі капиталға салынған инвестициялардың өсімі де аймақ экономикасының дамуында елеулі үлес қосуда. 1,4 трлн теңгені құраған инвестициялар корпорацияның өндірістік әлеуетін арттыртып, жаңа жобалардың іске қосылуына мүмкіндік береді. Жалпы, осы салалардағы жетістіктер Қарағанды облысы мен Қазақстанның индустриалды секторын дамытуға, еңбек нарығының нығаюына және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге игі ықпал етуде.

Оң динамика өнеркәсіпке, автомобиль жолдарының құрылысына, құрылысқа, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа, білімге, ауыл шаруашылығына, денсаулық сақтауға және басқа да салаларға инвестициялар салу есебінен қамтамасыз етілді. Жыл қорытындысы бойынша 2,6 мыңнан астам жұмыс орнын құрумен 193,3 млрд теңге сомасына 13 инвестициялық жоба іске қосылды. Шет ауданында «Қузыл Ағаш Сорре» ЖШС жылына 30 мың тонна катодты мыс өндіретін қайталама мыс кендерін үйімелі сілтісіздендіру технологиясы бойынша «Алмалы – 2» тау-кен өңдеу кешенінің ірі жобасы іске қосылды. Инвестиция көлемі 112,5 млрд теңгені құрады, 780 жұмыс орны құрылды. Ал, Теміртау қаласында «Қазметкокс» ЖШС «Директисил» маркалы кокс өндірісі және «ОКС Қазақстан» ЖШС полимерлі бекіткіштер ампулаларын өндіру іске қосылды.

Ауыл шаруашылығы саласын алар болсақ, Нұра ауданында «Шахтер» ЖШС тұқым тазарту желісі іске қосылды. Абай ауданында «Вольский» АӨК» ЖШС элеватор мен құрама жем зауытын жаңғы-



рту жұмыстары жүргізілді. Қарағанды қаласында «TPA SARY ARKA» ЖШС гофрленген-картон қаптамасын өндіру және «Терма Бойлер» ЖШС су жылыту газ қазандықтарын шығару бойынша жобалар іске асырылды. Шағын және орта бизнес нысандарының құрылысы аяқталды. «Mycar Qaragandy» ЖШС «Hyundai Karaganda» автоорталығы, «Оптималы» ЖШС «Оптим» супермаркеті, «Teez Logistic» ірі e-commerce жобасы мезеленді.

Облыстың өнеркәсіптік алаңдарын дамыту жалғасуда. Қазіргі уақытта «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағының аумағында 25 резидент тіркелген. Оның ішінде 2024 жылы «JEL DALA» ЖШС, «KAZFITTING» ЖШС, «Синтезия» ЖШС, «GTT KZ» ЖШС-нің 4 жаңа қатысушысы бар. Ерекше жеңілдікті режимнің арқасында «Сарыарқа» АЭА аумағында 10 жоба іске қосылып, 185,6 млрд теңге тартылды. Өнім өндіру көлемі 218,6 млрд теңгені құрады, 1 354 жұмыс орны құрылды. Өңірдің тағы бір ірі өнеркәсіптік алаңы – «Саран» индустриялық аймағында жобаларды іске асыру жалғасуда.

Бүгінде индустриалық аймағы аумағында 386,2 млрд теңгеге 9 жоба іске асырылуда. Оның ішінде бірқатар ірі жобалар бар. Мысалы үшін, «Tengri Tyres» ЖШС-де «Attar» маркалы автомобиль шиналарын өндіру, онда 2024 жылдың шілдесінен бастап 190,9 мың шина шығарылды. «Qaztehnа» ЖШС-де Yutong маркалы автобустар өндірісі. Кәсіпорын жолашушылар және мектеп автобустары мен

арнайы техника шығарады. Өткен жылы 1616 бірлік автобус пен арнайы техника шығарылды. «Silk Road Electronics» зауытында тұрмыстық техника өндірісі, онда 2024 жылдың басынан бастап 180 мың бірлік тұрмыстық техника шығарылды. Осы жылы Оңтүстік Кореялық «SAMSUNG ELECTRONICS CENTRAL EURASIA» ЖШС компаниясымен бірлесіп теледидар шығару жоспарланған.

Бұдан басқа облыста 3 шағын өнеркәсіп аймағын құру бойынша жұмыстар легі жүргізілуде. Санамаласақ, «Строй Сервис Караганда» ЖШС – резинотехникалық бұйымдар мен тұрмыстық химия өндірісі, металл өңдеу. «EXIM Star Kazakstan» ЖШС – сервистік-техникалық орталық және геохимиялық зертхана, жиһаз өндірісі, металлопластикалық терезелер өндірісі және т.б. «OptimTech» ЖШС – тұрмыстық техника үшін электр компоненттерін өндіруге арналған локализациялық орталық. Жобаның бағдарлама операторы – «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясымен өңдеу өнеркәсібінде шағын және орта бизнес субъектілері орналасатын дайын өндірістік үй-жайлар құрылысын салу немесе бар үй-жайларды қайта жанарту үшін 3% жеңілдікті кредит беруді көздейді.

Ірі кәсіпорындардың айналасында шағын және орта бизнес белдеуін құру жұмыстары жалғасуда. 2024 жылы «Qatmet» АҚ және «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС жүйе құраушы кәсіпорындарымен облыстың 77 кәсіпорны 141 млрд теңгеге тапсырыспен қамтамасыз етілді. 2024 жылдың басынан бастап 7,1 млрд теңгеге 12 офтейк-келісімшарт жасалды. Қалғаны қолданыста. Ағымдағы жылы өнеркәсіптік өндірісті ұлғайту, инвестициялар тарту және инвестициялық жобаларды іске асыру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Уақыт көрсеткен өнеркәсіптік өндірістің қомақты өсімі – облыстың экономикалық әлеуетінің жоғары екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Тау-кен өндіру мен өңдеу өнеркәсібіндегі жетістіктер өндірістің барлық салаларындағы тұрақты даму – аймақтың өркеніетті өндіріс орісінде сенімді қадам басып келе жатқанын көрсетеді.

Асқар ҒАЗАЛИЕВ,
Қарағанды облыстық өнеркәсіп және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Жұмыс табуға мүмкіндік бар

Балқаш қаласындағы Мансаптық орталықта биыл «Алтын жас» бағдарламасы іске қосылды. Жаңа жоба зейнеткерлік жасқа жеткен, бірақ, жасы 70-тен аспаған зейнеткерлер үшін жақсы жаңалық болып отыр.

Нұрлос КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Зейнетке шықтым» деп үйде бос отырмай, жұмыс істегісі келетін зейнеткерлер үшін бұл – үлкен мүмкіндік. Қазір жоба аясында 20 адамға жұмысқа орналасуға болады.

«Алтын жас» бағдарламасына зейнеткер-әйелдер 61 жасстан, ерлер 63 жасстан қатыса алады. Олар Балқаш қаласында тұрып, тіркелген болуы тиіс.

Жоба бір жылға белгіленген. Осы уақыт аралығында қатысушыларға 170 мың теңге көлемінде мемлекеттік стипендия төленеді. Оның мөлшері таңдалған жұмысқа байланысты өзгеруі мүмкін. Белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін жұмыс беруші бағдарламаны жалғастыру, яғни, жұмыс жасау мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдауы мүмкін.

– Зейнеткерлікке шыққаннан кейін ұзақ уақыт жұмыс табуға тырыстым, бірақ менің зейнеткер мәртебемді ескере отырып, жұмыс берушілер мені қабылдамады. Қазіргі таңда маған «Алтын жас» бағдарламасына қатысу ұсынылды. Жұмыс істей алатын зейнеткерлер сияқты халықтың әлеуметтік осал санатын ұмытпағаны көңілге қуаныш ұялатады.

«Алтын жас» бағдарламасы туралы кейінде білген замандастарым да қуанышты. Зейнеткерлер арасында жастармен тәжірибелерімен бөлісе алатын білікті мамандар көп, – дейді Балқаш қаласының тұрғыны, зейнеткер Әлия Ғабитқызы.

БАЛҚАШ

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Ұлт руханиятының мәйегі – мәдениетте

Облысымыздың мәдениет саласының жұмысы Қазақстан Республикасының мәдени саясат тұжырымдамасында айқындалған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған. Облыс басшылығы назарының арқасында, тұрақты қаржыландыруда мәдени процестерді дамытудың оң үрдісі және нәтижесінде халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру байқалады.



ескерткіш бар. Соның ішінде 6 – республикалық маңызы бар, 1040 – жергілікті маңызы бар ескерткіштер.

Ағымдағы жылы тарихи-мәдени мұра ескерткіштерінде 8 нысанда қалпына келтіру жұмыстары және 15 нысанда археологиялық зерттеулер жүргізілді.

Қарағанды облысында 18 музей жұмыс істейді. Музейлерде сақтаудағы экспонаттардың жалпы саны 308 077 бірлікті құрайды, оның ішінде негізгі қорға 232 388 бірлік тиесілі.

Жошы Ұлысының 800 жылдығы аясында өткен жылдың 20 қыркүйегі мен 1 қазан аралығында «Талас – Ұлытау – Сарайшық» республикалық тарихи-этнографиялық экспедициясы ұйымдастырылды. Тараз, Атырау, Астана қаласындағы маршрут бойынша «Жошы ұлысы – Алтын Орда бесігі» көрмесі ұсынылды, онда «Болған ана» кесенесінің археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған жәдігерлер ұсынылды.

Облыс кітапханалары ақпараттық, мәдени-ағарту орталықтары ретінде өте үлкен жұмыс атқаруда. 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша облыс кітапханаларының желісіне 256 кітапхана кіреді, оның ішінде 194 кітапхана 7 аудандық кітапхана жүйесіне, 58 кітапхана 6 қалалық ОКЖ-не және 4 облыстық кітапханаға біріктірілген.

Облыс кітапханаларының құжаттар қоры 2025 жылдың басында облыс бойынша 4 541 301 бірлік сақтауды құрайды. Мемлекеттік тілдегі құжаттар саны 1 825 229 бірлік. Облыстың мемлекеттік кітапханаларында 313 324 оқырман тіркелген. Кітап беру 6 062 782 дананы құрады. Кітапханаларға келушілер саны 3 128 214 құрады.

Қазақстанның мәдени саясатын іске асыру мақсатында облыстың 244 мәдени-демалыс мекемесі белсенді жұмыс істеуде. Ағымдағы жылдың 1 қаңтарына облыстың мәдени-демалыс кәсіпорындарында 1 клубтық құралым жұмыс істейді, онда 25 636 адам айналысады, оның ішінде көркемөнерпаздар ұжымы 972 қатысушыларды қамтумен 16 714 адам.

Облыстың клуб мекемелері 2024 жылы 20 мыңнан астам іс-шара өткізді. Клуб мекемелеріне шамамен 3 104 500 адам келді. Мүгедектігі бар адамдар үшін келушілер саны 32 мыңнан асатын 719 іс-шара өткізілді.

Қаламыздың танымал демалыс орны мен мәдениет орталығы – «Сарыжайлау»

кинотеатры. 1 қаңтарда 98 фильм көрсетіліп, 130 мыңнан астам көрермен қамтылады.

Қарағанды облысының архив қызметі ҚР Ұлттық архив қоры құжаттарының сандық құрамы бойынша республикадағы ең ірі қызметтердің бірі болып табылады.

Қарағанды облысында 15 мемлекеттік архив жұмыс істейді. 2025 жылғы 1 қаңтарға 5 938 қор сақталады. Бұл – 2 млн 390 мыңнан астам сақтау бірлігін құрайды. 2024 жылы облыстың мемлекеттік архивтеріне облыстың мемлекеттік сақтауға 13 мыңнан астам іс қабылданды.

2024 жыл ішінде мемлекеттік архивтерге 390 ұйымға іс қағаздарын жүргізу және істерді мемлекеттік сақтауға тапсыру үшін дайындау мәселелері бойынша әдістемелік, консультацияға көмек көрсетті. Архив жұмысын жандандыру үшін 186 семинар ұйымдастырылды.

2025 жылы Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толуын, Ұлы Отан соғысы жеңісінің 80 жылдығын мерекелеу шеңберінде іс-шаралар жоспарланған.

Сонымен қатар, халық композиторы, шертпе күй үлгісіндегі мектептің негізін қалаушы, күйші Тәттімбет Қазанғапұлының 210 жылдығын, халық композиторы Жаяу Мұсаның 190 жылдығын, ақын, прозашы, философ, қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаевтың 180 жылдығын, халық ақыны, композитор Шашубай Қошқарбаевтың 160 жылдығын, композитор, әнші Мәди Бапиұлының 145 жылдығын, композитор Иса Байзақовтың 125 жылдығын, композитор, домбырашы Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығын, қазақ және кеңес композиторы Әбілақ Есбаевтың 100 жылдығын және мерген, Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың 100 жылдығын, мүсінші, суретші, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Хәкімжан Наурызбаевтың 100 жылдығын, ҚазКСР ҒА академигі, КСРО Жазушылар одағының мүшесі Е.Бөкетовтің 100 жылдығын, композитор, Қазақстанның Халық әртісі, еңбек ардагері Шәмші Қалдаяқовтың 95 жылдығын, Қазақстанның Халық әртісі, Еңбек ері, композитор Ескендір Хасанғалиевтің 85 жылдығын және т.б. мерекелеуге арналған мерейтойлық іс-шаралар өтеді.

Облыстың имидждік іс-шараларының ішінде «Taldy Fest» және «BALKHASH TOURFEST» фестивалі. «Taldy Fest» фестивалі аясында шетелдік және отандық ғалымдардың, тарихшылардың, археологтардың қатысуымен ғылыми-практикалық конференция өткізіледі. Түркі тілдес мемлекеттердің фольклорлық ұжымдарының сөз сөйлеуі жоспарлануда.

Сондай-ақ, жаңа қойылымдардың премьералары, концерттік және театрлық маусымдардың ашылуы мен жабылуы бар. Осы жылы, қойылған мақсаттарды іске асыру және өңірдің мәдениет және архив саласындағы барлық қызметкерлері үшін жұмыста жаңа биіктерге жету тұрғысынан өте нәтижелі болуын тілеймін!

Еркебұлан ЖҰМАКЕНОВ,
Қарағанды облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Үлкен жеңіс кішкентай қадамнан басталады

Қарағандыдағы «Асыл Мирас» аутизм бар балаларды қолдау орталығы екі жылдық мерейтойын атап өтті. Бұл – мерейтой орталықтың мамандары мен аутизм бар балалардың ата-аналарының жетістіктерінің, ұмтылыстарының және еңбекқорлығының символы.

Екі жыл ішінде, орталық мамандары аутизммен ауыратын әрбір балаға түсіністік, қолдау және даму мүмкіндігін таба алатын кеңістік құра алды. Осы уақыт ішінде балаларды қоғамға біріктіруге, олардың бірегей қабілеттерін дамытуға және өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға бағытталған «Аутизм. Әлем барлығына бірдей» бағдарламасы аясында «JASPER сөйлеу дағдыларын дамыту», «Ерте қолдау», «Оқыту дағдыларын дамыту», «Өмірлік дағдыларды дамыту» «Әлеуметтік дағдыларды дамыту», «Өмірлік дағдыларды дамыту», «Қарқынды курс» интервенция бағдарламаларын оқыту арқылы іске асырылуда. Жоғары білікті мамандардың арқасында әр балаға оның қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, жеке көзқарас қалыптасты.

Мерейтой қарсаңында Қарағанды Суретшілер одағы, Қарағанды жоғары гуманитарлық өнер колледжі, суретшілер студиясының басшылары өз оқушыларының салған суреттерін аутизм орталығының балаларына шығармашылық қабілеттерін

ашу, коммуникативтік дағдыларын дамыту, ерекшеліктері бар балаларға құрметпен қарым-қатынас пен төзімділікті қалыптастыру мақсатында суреттер көрмесін ұйымдастырды. 60-қа жуық картина тарту етті. Шараның орталықта жоғары деңгейде өтуіне Б.Өтемірұратов қорының өкілі Күләш Қаршалованың бастамасымен «Mining Research Group» ЖШС, «Виола» дизайн салоны, Forte Bank атсалысса, Norma-N сауда үйі аутизм бұзылыстары бар балаларға жаңажылдық сыйлықтар тарту етті. Орталықтың іс-шараларына арқашан белсенді қатысушы ата-аналарға мадақтамалар берілді.

Аутизм орталығының командасы – аутизммен ауыратын әр баланың ерекше қабілеттерін қолдау және дамыту үшін бір мақсатқа біріккен кәсіпкерлердің ұжымы. Орталықта жас болса да, тәжірибелі педагогтер жұмыс істейді, олар әр балаға жайлы және қауіпсіз атмосфера құруға күн сайын күш сала отырып, олардың жеке тұлға ретінде ашылуына көмектеседі. Команда сонымен қатар, арнайы мектеп-интернаттары педагогтері мен ПМПК мамандарына облыстық деңгейде семинарлар мен шеберлік сабақтарын ұйымдастыру арқылы аутизм туралы қоғамның хабардарлығын арттыруға белсенді түрде үлес қосуда.

Әсел ТҮСПБАЕВА,
«Аутизм бар балаларды қолдау орталығының» әдіскері

Мамандық таңдау – маңызды шешім

Мамандық таңдау – адам өміріндегі маңызды, жауапты шешімдердің бірі. Мамандықтан қателеспеу үшін көп ойланып, біраз салаларды қарастырып, журналистика мамандығын таңдадым.

Журналист бұл тек мамандық емес, қоғамға қызмет ету. 2019 жылдан бастап Мағжан Жұмабаев атындағы мектеп-гимназиядағы журналистика сыныбының құрамында жас тілші атандым. Осы бағытқа мені жетелеп, бағыт-бағдар берген ұстаздарым Дана Мұратқызы және Рауан Бұғыбайқызына алғысмын шексіз.

Журналистика мамандығына қызығып, мектептегі шараларға қатысып, келген қонақтар мен әртүрлі маман иелерінен сұхбат алдым. Кез келген мамандықтың өзіндік ерекшеліктері мен талаптары болады. Сол себепті осы мамандық жайлы білу үшін Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің журналистика кафедрасына бардым. Ол жерде кафедра меңгерушісі Гүлмира Амангелдиева ұжыммен таныстырды. Сонымен қатар, «Studio pavilion» түсірілім алаңына барып, түсірілім сәтін көріп, таныстым. Кафедра жайлы толық білу үшін профессор Қойлыбай Асанұлынан сұхбат алдым. Сұхбат барысында 30 жылдық тарихы бар кафедраның ашылуы жайлы, сонымен қатар, көптеген шәкірттерді оқытып, тәрбиелеп шығарып, дәл қазір олардың биік белестерді бағындырып, жақсы қызметте жұмыс жасайтындары, журналистика кафедрасы еліміздің ең



үздік үштіктің қатарына кіретіндігі туралы айтылды.

Мамандық таңдауда асықпай, саналы түрде ойлану, жүрегіңнің қалауын тыңдаған дұрыс.

Болашақ мамандық адамның жан дүниесіне және өмірлік мақсаттарына үйлескенде, өз ісінде жетістікке жетіп, қоғамда өз орнын табады.

Айым ЖҰМАЖАНОВА,
Мағжан Жұмабаев атындағы гимназияның «Журналистика сыныбының» жас тілшісі
Сурет автордан

Діни ахуалды тұрақтандыру жалғасады

Қарағанды облысы – Қазақстанның көпұлтты және көпконфессиялы өңірлерінің бірі. Бізде 15 түрлі конфессияның діни сенімін ұстанатын 100-ден астам ұлттар мен ұлыстардың өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатыр.

Діни келісім – бұл қоғамдық тұрақтылықтың ажырамас бөлігі, ал Қарағанды облысының дін істері басқармасының міндеті конфессиялар арасындағы тату-тәтті өмір сүруді қолдау болып табылады. Өңірдегі келісім мен игілікті тек түрлі діни топтар арасындағы ашық диалог пен өзара сыйластық арқылы ғана қамтамасыз етуге болады.

Басқарма осы бағытта тиімді жұмыс істеу үшін түрлі діни топтар арасындағы өзара түсіністік пен сыйластықты дамытуға бағытталған бірқатар іс-шаралар кешенін өткізеді. Өңір аумағында 283 діни бірлестіктің тіркеліп, 232 діни ғимараттың жұмыс істейтіні таңдалған жолдың дұрыстығын көрсететін маңызды көрсеткіш болып табылады. Бұл тұрақтылық пен игілікті қамтамасыз етуде өңірдің жоғары рухани әлеуетін және діни әртүрліліктің маңыздылығын растайды.

Жүйелі ақпараттық-түсіндіру жұмысы конфессияаралық татулықты нығайтуда басты рөл атқарады. Облыста қолданыстағы ақпараттық-түсіндіру тобы құрылды. Ол мемлекеттік органдардың құзырлы өкілдерінен, дәстүрлі дін қызметшілерінен, құзырлы дінтанушылар мен теологтардан азаматтардың дін мәселелері жөнінде толық және шынайы ақпа-

рат алуға деген конституциялық құқығын жүзеге асыру мақсатында жұмыс істейді. Басқарма 2024 жылы 266 мыңнан астам адамды қамтыған 5252 іс-шара ұйымдастырды. Бұл іс-шаралар өзара сыйластық пен үйлесімді өмір сүрудің маңыздылығы туралы білетінін арттыруға бағытталған.

Жастар ерекше назарға алынады. Тәжірибе көрсеткендей, олар деструктивті діни ағымдардың ықпалына тез түсетін ес оңал санат. 2024 жылы 1171 іс-шара өткізіліп, оларға 39 127 жастар қатысты. Бұл бастамалар өскелең ұрпақтың саналы ұстанымын қалыптастыруға, жастардың радикалды діни ұйымдарға тартылуының алдын алуға және діни ерекшеліктерді құрметтеу мәдениетін нығайтуға ықпал етеді.

Интернет желісінде экстремистік идеологиялардың таралуына қарсы күресу де маңызды міндет. Заманауи технологиялар жаңа мүмкіндіктер беріп қана қоймай, қауіп-қатерлер де тудырады. Басқарма қызметкерлерінің жұмысының нәтижесінде 17 926-дан астам пайдаланушы әлеуметтік желілердегі деструктивті контенттегі қауымдастықтардан шығып кетті.

Ал 6 адам дін саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартыл-



ды. Бұл шаралар жастар мен азаматтарды радикалды идеологиялардың ықпалынан қорғайтын қауіпсіз ақпараттық кеңістік құруға мүмкіндік береді.

Қазақстандық азаматтарды деструктивті діни насихаттау көздерінен алшақтау үшін әлеуметтік желілерде қарсы насихаттау және алдын алу материалдарын әзірлеу, орналастыру және ілгерілету жұмыстары жүргізіледі. Мәселен, 2024 жылы 902 түрлі форматтағы авторлық материалдар дайындалып, олар кеңінен танымал барлық интернет алаңдарда таратылды. Сонымен бірге, бұл бейнероликтер де адамдар көп жиналатын жерлердегі LED экрандарда көрсетілді.

Әскери қақтығыстар аймақтарынан қайта оралған азаматтармен мақсатты жұмысты ұйымдастыруда жинақталған оң тәжірибенің аясында басқарма тарапынан әлеуметтік қолдау және қажетті медициналық көмек көрсету жұмыстары ұйымдастырылған. Психолог мамандар мен теологтарды тарта отырып, тығыз қарым-қатынас орнату оңалту жұмыстарының маңызды кезеңі болды.

Діни бірлестіктер арасындағы ынтымақтастық тұрақтылық пен келісімнің маңызды элементі болып табылады. Қарағанды облысында діни бірлестіктер клубы нәтижелі жұмыс жүргізуде, оның құрамына барлық конфессия өкілдері енгізілген. 2024 жылы клуб 6 отырыс өткізіп, мұқтаж жандарға көмек көрсетуге бағытталған 62 қайырымдылық акциясын ұйымдастырды. Сонымен қатар, клуб мемлекеттік мерекелерге арналған іс-шараларды ұйымдастыруға белсене қатысады. Ол өңірімізде маңызды дәстүрге айналды. Бұл діни топтар арасындағы өзара түсіністікті тереңдетіп, рухани құндылықтарды нығайтуға ықпал етеді.

2024 жылы жүргізілген әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері Қарағанды облысында конфессияаралық келісімді нығайту жұмыстары оң нәтиже беріп жатқанын дәлелдейді. Сауалнамаға сөйкес өңір тұрғындарының 85 пайыздан астамы діни толеранттылық идеясын қолдайды және конфессияаралық татулық қоғамдағы тұрақтылыққа ықпал етеді деп

Жанболат СЕКТАЙ,
Қарағанды облыстық дін істері басқармасының басшысы

• ЖАҢА КІТАП

Ұшқан ұясын ұлықтаған еңбек

Жуырда газетіміздің белсенді авторларының бірі, Бұқар жырау ауданының Құрметті азаматы Жеңіс Жұмашұлы Шәдетовтің үшінші кітабы баспадан жарық көрді. Ол «Ұшқан ұям – Үлгім» деп аталады. Атының өзі айтып тұрғандай, автор бұл кітабында өзі туып-өскен Үлгі ауылының өткені мен бүгін туралы толғана сыр шертеді. Оны бүгінде жасы сексеннен асқан Жеңіс Жұмашұлынан артық ешкім біле қоймайды да.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұқар жырау ауданындағы бұл Үлгі ауылы кезінде дүркіреген колхоз да, Қылыш Бабаев атындағы кеңшардың бөлімшесі де болып, онда аурухана, клуб, почта, орта, кейін сегізжылдық мектептер жұмыс істеп, жүзге тарта үй тұрған. Бұл үркердей ауылдан академик Арықтай Қайыпов бастаған бірнеше ғылым докторлары мен кандидаттары, бес бірдей журналист, әр саланың білікті мамандары шыққан.



Осы жерде қазақ ғылымының атасы Қаныш Сәтбаевтың ізі қалып, ол өз қолымен екен бақтың ағаштары жайқалып тұр. Сонау сексенінші жылдардың аяғы мен тоқсаныншы жылдардың басында осы кеңшарды Жеңіс Шәдетовтің өзі басқарып тұрғанда осындағы шым үйлердің бәрі сырлылып тасталып, орнына екі пәтерлі жана үйлер салынған еді.

Кітапта бір кезде осы ауылды дамытып, өркендетуге атсалысып еңбек сіңірген әулеттер, бұрынғы буын мен өз замандастары жайлы жылы әңгімеленіп, сонымен бірге, қазақтың кейбір салт-дәстүрлерін жаңғыртып, сақтау жөнінде ой-пікір айтылған. Оның өне бойы перзентінің туған жеріне деген махаббаты мен жанашырлығына тұнып тұр.

Көпшілік оқырманға арналған бұл кітаптың тілі жатық. Көнекөз қарияларымыздың әңгімесін тыңдап отырғандай әсерде қалдырып, ауылда өскен әр адамның көкейіне ой салып, сағынышын қозғайды.

Бұқар жырау ауданы

Еске алу

Ауылымыздың абыройлы, ардақты, қадірлі азаматы болған, нағашымыз **Қабыл Нескейұлы ҚҰТТИНДІ** сағынышпен еске аламыз.

(15.09.1941-15.01.2005)

Ойға түсіп, өткен күндер кейде ескі, Елестейді нағашының бейнесі. Есте қалды, азалы сол күн мәңгілік, 20 жыл бұрын киілген кебіс жейдесі.



Басқарды жұртты, болды ол елдің серкесі, Қолында еді, қос тізгін-шылбыр, дертесі. Тыным бір көрмей ауылдың қамын ойлады, Даланы кезді тұрып ап таңның ертесі.

Тұлғасы ерек, есінде елдің сақталды, Өмір жолы қиы, кітапқа түсіп қатталды. Есімі оның сан мәрте күнде айтылып, Құрметпен ізгі, жадында жұрттың жатталды.

Еске алушылар: **Бәкіжановтар әулеті, Нұртаза-Үміт, балалары.**

Нағашымыздың отын өшірмей отырған, ұл-қыздарының анасы, немере-шөберелерінің әжесі, Мәниза жеңгемізге үлкен ризашылығымызды білдіре отырып, ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық тілейміз.

№485

• БАЙҚАУ

Байрағы биіктің айбары асқақ

Балқаш қаласында Ағыбай батыр атындағы Оқушылар сарайында дәстүрлі «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы мүшелері арасында «Ұланымыз ұлы елдің» Ту ұстаушылар топтарының XIII қалалық байқауы ұйымдастырылды.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Байқауға қала мектептерінің 13 Ту ұстаушы тобы қатысты. Қазылар алқасы элементтердің орындалуының анықтығына, Туды шығарудың, тағзым етудің, ауысымдарды көрсетудің дұрыстығына, топтың сыртқы келбетіне ерекше назар аударды. Ұқыптылық, форманың біркелкілігі және тиісті пәрмендерді беруді бағалады.

Саптық-байқау қорытындысы бойынша I орынды – Ә.Бөкейханов атындағы №15 мектеп-лицейінің, II орын – Ә.Ермеков атындағы мектеп-лицейі мен Б.Момышұлы атындағы ЖББМ-нің, III орынды – №3, №9 және әл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектептерінің топтары жеңіп алды.

«Үздік командир» номинациясында №5 мектептен Жандос Даривхан, №1 мектептен Айсу Юнусова марапатталды.

Қалалық кезеңнен I және II орын иегерлері облыстық байқауға жолдама алды.

Аталған шара жастарға мемлекеттік рәміздерді құрметтеуді үйретумен қатар, патриотизмге жетелейді.

БА.ЛҚАШ

• «ҚАРЛЫ ҚЫС – 2025»

Спартакиада мәреге жетті

Нұра өңірінде қысқы спорт түрлері жыл өткен сайын дамып келеді. Бұған «Қарлы қыс» атауымен өткізіліп тұратын дәстүрлі спартакиаданың тиісетін ықпалы зор.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл бұл бәсеке XXXV мәрте өткізілді. Нұра кентіндегі жарысқа ауданның 7 командасы қатысып, шайбалы хоккей, конькимен жылдамдыққа сырғанау, қысқы президенттік көпсайыс, шаңғы эстафетасы сияқты спорт түрлерінен бәсекеге түсті.

Қатысушыларды ерекше шаттыққа бөлеп, тартысты өткен спартакиада қорытындысы бойынша командалар төмендегідей орындарға жайғасты.

Шайбалы хоккейден I орынға – Шахтер ауылы, II орынға – Нұра кенті, III орынға – Кертінді ауылы.

Конькимен жылдамдыққа сырғанаудан I орынды – Нұра кенті, II орынды – Шахтер ауылы, III орынды – Мыңбаев ауылы иеленді.

Қысқы президенттік көпсайыстан I орын – Тассуат ауылына, II орын – Қарой ауылына, III орын – Мыңбаев ауылына бұйырды.

Шаңғы эстафетасынан да I орынға – Тассуат ауылы, II орынға – Қарой ауылы, III орынға – Мыңбаев ауылы жайғасты.

Жалпы командалық есепте Нұра кентінің спортшылары I орынға, Шахтер ауылының қыз-жігіттері II жүлдеге ие болса, Мыңбаев ауылынан келген команда III орынға табан тіреді.

«Қарлы қыс – 2025» спартакиадасының



жеңімпаздары мен жүлдегерлері Нұра аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі әзірлеген кубоктармен, мадақтама қағаздармен, медальдармен және дипломдармен марапатталды.

Нұра ауданы

Сурет ұйымдастырушылардан

• ШАҒЫН ФУТБОЛ

Алаң иелерінен айла асыра алмады

Екібастұзда футболдан республикалық деңгейдегі турнир өтті. Доп додасына еліміздің әр өңірінен іріктелген 30 команда қатысты. Қарағандыдан Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің «Политех» командасы барды. «Политех» екінші орыннан көрініп, қанжығаға күміс кубокты байлады.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Политех» «А» тобына түсті. Бұл топта «Арлан» (Павлодар), «1994» (Екібастұз) және «Самғау»

(Павлодар) командаларын жеңіп, 1/4 финалға шықты.

Ширек финалда қарағандылықтар Павлодар облысының «Номад» командасынан 5:2 есебімен басым түсті. Финалда

турнир фавориті деп саналған павлодарлық «Әлім» командасымен кездесті. «Бұл матч оңай болмады» дейді ойыншылар. Бірінші таймда пенальтиден соғылған жалғыз гол ойын қарқынына әсер еткенін

айтады. Мұнда «Политех» қорғанысындағы ойыншылар тәртіп бұзды. Осы голдан кейін қарағандылықтардың қарқыны бөседеп қалғандай көрінді. «Политех» қақпашысы есеп еселенетін бірнеше қауіпті соққыны тойтарды.

Ақтық сының екінші кезеңінде қос команда аянбай ойнады. Соңғы минутқа дейін екі команда форвардтары жойқын соққылармен қауіпті шабуылдар ұйымдастырды. «Әлім» екінші голды соғып, айқын басымдыққа ие болды. Бірақ, екінші кезеңге қарағандылықтар ерекше серпіліспен шығып, қатарынан екі гол соқты. Таразы басы теңескеннен кейін ойын басқаша өрбіді. «Политех» сенімді ойнап, шабуыл артынан шабуыл ұйымдастырды. Өкінішке қарай, бірде-біреуі нәтиже бермеді. Қарымта шабуылда «Әлім» футболшылары нәтижелі пастарды тиімді пайдаланып, таблодағы есепті 2:4-ке жеткізді. Сөйтіп, «Политех» «Әлім» командасынан 2:4 есебімен жеңілді. Кубок алаң иелеріне бұйырды.

Қарағандыда футбол қарқынды дамуда. Облыста футболдан чемпионаттар студенттер арасында жиі өтіп тұрады. Әуесқой командалардың саны да артып келеді.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Еске алу

Сұм ажалдың құрығына ерте іліккен, бауырымыз Жазылбек Нұртазаұлы **БӘКІЖАНОВТЫ** сағынышпен, өкінішпен еске аламыз.

(23.03.1968-05.02.2024)

Дүние-ай... аумалы-төкпелі, Таусылып өмірдің өткелі. Арысын жоқтаумен туыстың, Жыл өтті көз жасын төккелі.



Мойындап тағдырдың өктемін, Жүрміз ғой, еске алып «өткенін». Бұйырмай елудің алтыншы, Көре алмай, кетті ғой көктемін.

Көтеріп дертінің ауырын, Қаусатып бір туған қауымын. Жылатып жары мен ұл-қызын, Арманда өтті ғой, бауырым!

Еске алушылар: **туыс-туғандары, жары, ұлы, қызы, күйеубаласы, немерелері.**

№486

Қарағанды қалалық ардагерлер кеңесі және Қазыбек би атындағы, Ә.Бөкейхан атындағы ардагерлер кеңесі абзал тұлға **Темірболат МӘЖИТҰЛЫНЫҢ** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғырып көңіл айтады.

• САҚТАНСаң, Сақтайды

Қыс қателікті кешірмейді

Еліміздің бірқатар өңірінде саршұнақ аяз көтеріліп, ақтүтек боран соғып тұр. Осыған байланысты жолдар жабылған. Дегенмен, сапарға шығып кетіп, жолда қалғандар да бар. Оларды құтқару үшін төтенше жағдай және полиция қызметкерлері күшейтілген режимде жұмыс істеп жатыр.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

21 қаңтарда ауа райының қолайсыздығына байланысты «Балқаш-Қарағанды» тасжолы жабылды. Жолда қалған жолаушыларды жылы ғимараттарға орналастыру, оларды ыстық тамақпен қамту жұмыстарына жергілікті билікпен қатар, Балқаш қалалық мешітінің ұжымы, «Балқаш-Нан» кәсіпорны, «ДоброЦен» сауда үйі, жеке кәсіпкер З.Әбдікәрімова, «Мерей» мейрамханасы, «Қамкор – біз біргеміз» қайырымдылық қоры, волонтерлер және басқа да кәсіпкерлер де жұдырықтай жұмылды.

Жолаушыларға еріктілер мен жеке кәсіпкерлер ыстық тамақ, шай, су таратты. Төтенше жағдайлар басқармасы шатыр орнатып, жауапты мекемелер тиісті шаралар қабылдады.

– Бүгін Балқаш қаласы әкімінің бастамасымен жолда қалған жолаушыларға көмек беріліп жатыр. Біз қазақ халқына тән мамақпен қамту жұмыстарына жергілікті билікпен қатар, Балқаш қалалық мешітінің ұжымы, «Балқаш-Нан» кәсіпорны, «ДоброЦен» сауда үйі, жеке кәсіпкер З.Әбдікәрімова, «Мерей» мейрамханасы, «Қамкор – біз біргеміз» қайырымдылық қоры, волонтерлер және басқа да кәсіпкерлер де жұдырықтай жұмылды.

БАЛҚАШ

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны



Электрондық пошта: **ortalyk.kaz@mail.ru**

• ТУРИЗМ

Қыста да керемет қой Қарқаралы!

Қыраулы маусым басталғаннан бері Қарқаралының қысқы мезгілге арналған туристік нысандары демалушыларды қуана қарсы алып, қарқынды жұмыс істеді. Аудан орталығының тұрғындары мен қала қонақтары жиі келіп, көңілді дем алатын орындарының бірі – Қарқаралының дәл іргесіндегі сырғанақ алаңы.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жергілікті тұрғындар бұл жерде бұрыннан-ақ қыс айларында сырғанақ теуіп, саф ауамен тыныс алып, табиғаттың көркем түзілісін тамашалап, көңіл көтеретін еді. Тау беткейінен шаңғымен, шапанмен сырғанап, қаланың қаншама бұын ұрпағы өсіп шыққанын оймен шолудың өзі оңай емес.

Қала тұрғыны, спортшы, марафоншы Думан Бейсенаев биылғы қысқа ерекше әзірленіп, сырғанақ алаңын заманауи талапқа сай жабдықтап, үйілген қарын тегістеп, қарқаралылық демалушылар мен сырттан келген туристерге тамаша көңіл-күй сыйлайтын орынға айналдырды. Арнайы контейнер, камералар орнатып, сырғанақ тебуге ниет білдіргендерге жалға шаңғы мен шапалар беру қызметін жолға қой-



ды. Сонымен бірге, мұнда сноубордтар жеткізіп, экстремалды спорт түрлеріне қызығатын балалардың сұранысын қанағаттандыруға мүмкіндік туғызды. Қыс қызығына құмартушылар арасында шаңаға сұраныс жоғары екен. Сырғанақ тебуге арналған камералар жайлы, жұмсақ әрі жылдам жүйіктің көрінеді.

– Тиісті ережелер мен тәртіпті сақтамаса, спорттың кез келген түрі қауіпті. Соның ішінде, сырғанақ экстремалды демалысқа жатады. Сондықтан, демалуға келген

адамдардың қауіпсіздігін ұдайы назарда ұстаймыз. Сырғанақ алаңында студенттер қатарынан іріктеп алынған сегіз адам жұмыс істейді. Бәрі де жауапкершілігі бар жастар. Демалушыларға барынша сапалы қызмет көрсетуге тырысамыз, – дейді Д.Бейсенаев. – Мұнда келген адамдар күнделікті күйбең тіршіліктің салмағынан арылып, кәдімгідей серпіліп, көңілдері шаттанып қайтады. Біздің мақсатымыз – адамдарға сапалы демалыс сыйлау. Сырғанаққа келген адамдар

бірден үйіне қайтпайды. Сондықтан, мұнда демалушылар бой жылытып, өзек жалғап алуы үшін ыстық шай мен кофе, жеңіл-желпі тағам беру ұйымдастырылады.

Былтыр осы сырғанақ алаңы жанындағы су тоғаны тазаланып, демалыс кешені абаттандырылған болатын. Жаңа жыл мерекесі қарсаңында Думан Бейсенаевтың ұйымдастыруымен мұнда мұз айдыны ашылыпты. Жалға беру үшін жүз пар коньки әкелінген. Айдыңа күндіз де, түнде де жарық беріліп,

демалушыларға қолайлы жағдай жасалған. Мұз бетінде сырғанауға құмарлар қатары да көп екен.

Сырғанақ пен мұз айдынына демалыс күндері 500-1000 адам келсе, мерекеде демалушылар саны екі мың адамға дейін жететін көрінеді. Қазір мұнда отбасылық демалыс сәнге айнала бастапты. Яғни, бұл жер салауатты өмір салтын насихаттаудың керемет үлгісі десек, қателеспейміз.

– Қолымыз қалт еткенде, негізінен демалыс күндері отбасы, бала-шағамызбен келіп, сырғанақ тебеміз. Мұнда жергілікті тұрғындармен қатар туристерді, «Шахтер» демалыс кешеніне келген тынығушыларды жиі көреміз. Сұлулығы көз суыратын мынандай табиғат аясында, таза ауада сырғанақ тебу – тәнге шипа, денге саулық, жанға ләззат береді, – дейді Қарқаралы қаласының тұрғыны Ботақан Мәтелов.

Әңгіме болып отырған сырғанақ алаңында жыл сайын «Қыс мерекесін» өткізу дәстүрге айналған. Сондай-ақ, мұнда шаңғы марафоны үзіліссіз ұйымдастырылады.

Қысқы спорт түрі десе ішкен асын жерге қоятын Д.Бейсенаев болашақта осы сырғанақ алаңының негізінде шаңғы базасын ашуды жоспарлауда.

Қарқаралы ауданы

Сурет автордан

• ФУТБОЛ

«Шахтер» жаттығуды бастады

Қарағандылық «Шахтер» футбол клубы маусымалды дайындық жұмыстарын бастап кетті. Өздеріңізге мәлім, былтыр жыл соңынан бері күні бүгінге дейін біршама ойыншы қатарына қосты. Қорғанысты күшейтті. Шабуылды нықтады. Ендігі мақсат – бірінші лиганы жеңіп, Премьер-Лига сапына қайта оралу. Бүгінде жерлестер Қарағандыда функционалды жаттығу жұмыстарын аяқтап, Астанаға аттанды. Яғни, дайындық жұмыстарының екінші кезеңін елордада өткізбек. Ал, үшінші кезеңі – Түркияда жалғасады. Сонымен қатар, күні кеше семейлік «Елім-ай» клубының жартылай қорғаушысы Юрий Перцухпен де келісімшартқа отырды.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Клуб ойыншылары жаңа маусымға дейін үш кезеңнен тұратын жаттығу жұмыстарын өткізбек. Ал, Астанадағы жаттығу жұмыстары осы айдың 28-іне дейін созылмақ. Екінші кезеңде «кеншілер» тактикалық жаттығу жұмыстарын өткізеді. Яғни, байланысты нығайтып, былтырғы олқылықтармен жұмыс істейді.

– Әуелі «Шахтер» ойыншылары психологиялық тренингке қатысып, бір-бірін жақын танып білді. Әрқайсы өзіне маңызды жайтты түсініп, командалық рухты нығайта түсті. Алаңда біз – бір тұтас командамыз. Ал, алаң сыртында біз тек әріптес емес, нағыз дос болуымыз қажет. Осындай тренингтер бізге жай ғана коман-

да емес, тұтас бір отбасы болуға көмектеседі, – делінген клубтың хабарламасында.

Үшінші дайындық кезеңі 4-24 ақпан аралығында Түркияда өтеді деп жоспарлануда. Онда «Шахтёр» қарсыластарымен бақылау матчтарын өткізеді деп күтілуде.

Команда сапына жаңадан қосылған Юрий Перцух осыдан екі маусым бұрын «кеншілер» жейдесімен алаңға шыққан. Сол уақытта команда сапында 25 ойын өткізіп, екі гол және бес голдық пас берген. Былтыр «Елім-ай» сапына ауысып, 14 ойынға қатысқан. Нәтижесінде екі гол салып, екі голдық пас берген. Бұған дейін «Ақжайық», «Астана», «Атырау», «Ақтөбе» сынды команда сапында өнер көрсеткен.

Сурет клубтың баспасөз қызметінен

• ЖӘДІГЕР

Қос ғасырдың куәсі

Қарқаралы тарихи-өлкетану музейінде қызықты жәдігерлер көп. Өткен ғасырлардан жеткен жәдігерлер Қарқаралы тарихынан сыр шертеді. Солардың бірі – ұсталар әулетінен қалған көрік.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Көрікті музей қорына Манкен Игіліктер тапсырған. XIX ғасырда жасалған екен. Үлкен атасы Жанжігіт пайдаланған. Кейін өз әкесі Молдабек ұсталық өнермен айналысыпты. «Аталарымның бәрі ұста болған» дейді Манкен Игіліктер. Көрік жылқының терісінен жасалған. Екі жағы ағаш, ортасы жылқының терісі. Қарқаралы тарихи-өлкетану музейінің қор сақтаушысы Айтбану Қадырова

жәдігер жақсы сақталғанын айтты.

– Көрік XIX ғасырдан жеткенін ескерсек, жәдігердің сақталуы өте жақсы. Екі ғасырда ауыр еңбекте пайдаланылатын заттар бұлай аса сақтала қоймайды. Манкен Игіліктер көрікті «Атадан қалған мұра» деп, көзінің қарашығындай сақтапты. Қазір бұл жәдігер – музейдегі ең құнды жәдігерлердің бірі, – деді Айтбану Қадырова.

Сурет Қарқаралы тарихи-өлкетану музейінен



• ЖЕТІ ҚАЗЫНА

Құмай тазы жүгіртіп...

Жуырда Бұқар жырау ауданының Ботақара ауылында өткен тазылардың дәстүрлі «Шығра тарту» жарысында итбегілер өз тазыларының өнерін, бағы мен бабын сынға салды. Айтулы шарада қазақы тазы тұқымының ең жылдам және епті күшіктері таңдалды.



Аталған жарыс жас мөлшері 8-11 ай аралығындағы 27 тазы үшін алғашқы дода болды. Сай-

ысқа иттер облыс аудандарынан ғана емес, Павлодар облысының Баянауыл ауданынан да келген.

Жарысты ұйымдастырушылардың бірі Бекзат Мұстафин 10 жылдан астам уақыт бойы осы асыл

• МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Ұлттық күнтізбе – ұрпақ кәдесіне

Н.Гоголь атындағы облыстық кітапханада 104 ерекше күнді қамтитын Ұлттық күнтізбе таныстырылды. Оның құрамында 40 тарихи тұлға, 26 рухани құндылық, 19 тарихи оқиға, 6 дәстүрлі рәсім, 20 этнографиялық, 12 әскери-патриоттық күн және 3 ұлттық мереке бар.

Күнтізбеге қазақ халқының табиғатты бақылау арқылы қалыптасқан дәстүрлері енді. Мысалы, көктемнің ерекше кезеңдерін сипаттайтын Құрадай табиғат аясында, таза ауада сырғанақ тебу – тәнге шипа, денге саулық, жанға ләззат береді, – дейді Қарқаралы қаласының тұрғыны Ботақан Мәтелов.

Әңгіме болып отырған сырғанақ алаңында жыл сайын «Қыс мерекесін» өткізу дәстүрге айналған. Сондай-ақ, мұнда шаңғы марафоны үзіліссіз ұйымдастырылады.

Қысқы спорт түрі десе ішкен асын жерге қоятын Д.Бейсенаев болашақта осы сырғанақ алаңының негізінде шаңғы базасын ашуды жоспарлауда.

Қарқаралы ауданы

Сурет автордан

– Ұлттық күнтізбе арқылы рухани және тарихи құндылықтар дәріптеледі. «Qazaq club» жанындағы Қарағанды филиалы ақсақалдар кеңесінің төрағасы Сәкен Келдібай ағамыз бұл күнтізбе ұлттық тәрбиенің берік негізіне айналатынына сенім білдірді. Біздің әуелдегі ниетіміз – осы, – деді Нұржан Сұршаұлы.

Биыл ұйымдастырушылар он бес мыңнан астам күнтізбе басып шығарып, тұсаукесер географиясын кеңейтуді жоспарлап отыр.

Таныстырылымға С.Сейфуллин атындағы №92 гимназия мен Әлия Молдағұлова атындағы спорт интернатының оқушылары келді. Оқушылар викториналарға қатысты.

Акерке БОЛАТ, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің 4-курс студенті

тұқымды тазыларды өсірумен айналысып келеді.

– Қазақ тазысы – шыдамдылығы жағынан теңдесі жоқ ең төзімді және ең жақсы аңшы ит. Тазылар аңшының жанында танертеннен кешке дейін шаршамай еріп жүре береді. Тазыларға қорықпай сенім артуға болады. Өйткені, олар – ең сенімді дос, – деп атап өтті Бекзат Мұстафин.

Ботақара ауылының әкімі Жаннат Қабенов, жарыстың басты мақсаты ұлттық салт-дәстүрлерді жаңғырту және қазақ тазысының бірегей қасиеттерін дәріптеу екенін алға тартады.

Жарысқа қатысқан тазылар 1,2 шақырым қашықтықта өнер көрсетті.

Тартысқа толы бәсекеден ең жүйрік деп қарағандылық «Сары» тазысы танылды. «Сарының» иесі – Бақытжан Жұмажанов. Екінші орын Баймырза ауылынан келген Нұрдулат Мырзақановтың «Зузу» тазысына бұйырды. Ал, теміртаулық Қазыбек Бажировтың баптап әкелген «Зара» тазысы иесінің қоржынына қола медаль салды.

Жеңімпаздар кубокпен, медальмен және ақшалай сыйлықпен марапатталды. Келесі жарыс алдағы уақытта Нұра ауданының Нұра ауылында өтпек.

Өз тілшімізден

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Директордың орынбасары
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MKZTD2003131,
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 638

№8 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Жансая ОМАРБЕК